



«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

**ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттары
Шоғырландырылған қаржылық есептілік және
Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі**

2024 жылғы 31 желтоқсан

Мазмұны

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Шоғырландырылған қаржылық жағдайы жөніндегі есептілік	1-2
Шоғырландырылған пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс жөніндегі есептілік	3
Шоғырландырылған капиталдағы өзгерістер жөніндегі есептілік	4
Шоғырландырылған ақша қаражатының қозғалысы жөніндегі есептілік	5

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер:

1 Самұрық-Энерго тобы және оның қызметі	6
2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есеп саясаты туралы маңызды ақпарат	7
3 Жаңа есепке алу ережелері	18
4 Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалау мен кәсіби пайымдар	19
5 Сегменттер бойынша ақпарат	28
6 Байланысты тараптармен есеп айырысу мен операциялар	31
7 Негізгі құралдар	34
8 Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға салынған инвестициялар	35
9 Өзге ұзақ мерзімді активтер	38
10 Тауар-материалдық қорлар	38
11 Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешек және басқа дебиторлық берешек	39
12 Өзге қысқа мерзімді активтер	40
13 Ақшалай қаражат және оның эквиваленттері	40
14 Капитал	41
15 Активтерді жою міндеттемелері бойынша резерв	43
16 Қарыздар	43
17 Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және өзге де кредиторлық берешек	48
18 Салықтар және бюджетке төленетін басқа да төлемдер бойынша берешек	49
19 Түсім	49
20 Сатудың өзіндік құны	50
21 Өткізу шығындары	50
22 Жалпы және әкімшілік шығындар	50
23 Қаржылық табыстар	51
24 Қаржылық шығындар	51
25 Табыс салығы	51
26 Шартты және келісімшартты міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер	54
27 Бақыланбайтын үлес	60
28 Негізгі еншілес, қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындар	61
29 Қаржылық тәуекелдерді басқару	62
30 Қаржы құралдарының әділ құны	71
31 Есептік кезеңнен кейінгі оқиғалар	72
32 Акцияға тиесілі пайда және бір акцияның теңгерімдік құны	72

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Самұрық-Энерго» АҚ Акционеріне және Директорлар кеңесіне:

Біздің пікір

Біздің пікірімізше, шоғырландырылған қаржылық есептілік «Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі - «Компания») және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі бірге – «Топ») 2024 жылғы 31 желтоқсандағы шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сонымен қатар көрсетілген күнге аяқталған жылдағы шоғырландырылған қаржылық нәтижелері мен шоғырландырылған ақша қаражатының қозғалысын барлық маңызды жағынан ХҚЕС сәйкес шынайы түрде көрсетеді.

Аудит мәні

Біз Топтың келесілерді қамтитын шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік:

- 2024 жылғы 31 желтоқсандағы шоғырландырылған қаржылық жағдайы жөніндегі есеп;
- көрсетілген күнмен аяқталған жылдағы шоғырландырылған пайда немесе шығын және басқа жиынтық кіріс жөніндегі есеп;
- көрсетілген күнмен аяқталған жылдағы капиталдағы өзгерістер жөніндегі шоғырландырылған есеп;
- көрсетілген күнмен аяқталған жылдағы ақша қаражатының қозғалысы жөніндегі шоғырландырылған есеп;
- есеп саясаты туралы маңызды ақпарат және басқа да түсіндірме ақпаратын қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер.

Пікір білдіру негіздемесі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттар бойынша біздің жауапкершілігіміз бұдан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті бойынша жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған.

Біздің аудиторлық дәлелдер пікір білдіруіміз үшін негіз болуға жеткілікті ері тиісті деп есептейміз.

Тәуелсіздік

Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары кеңесі шығарған Кәсіби бухгалтерлердің халықаралық әдеп кодексіне (Халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) (БХӘСК кодексі) және Қазақстан Республикасындағы біздің шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитімізге қолданылатын әдеп талаптарына сәйкес Топқа тәуелсіз болып табыламыз. Біз шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитімізде қолданылатын БХӘСК кодексіне және Қазақстан Республикасының әдеп талаптарына сәйкес басқа да әдеп міндеттемелерін орындадық.

Біздің аудиторлық тәсіліміз

Қысқаша шолу



- Тұтастай алғанда Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі деңгейіндегі маңыздылығы: 5,569,000 мың қазақстандық теңге, бұл 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы түсімнің шамамен 1% құрайды.
- Топты аудиттеу көлеміне Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Компания, жеті еншілес кәсіпорын және бірлесіп бақыланатын екі кәсіпорын кірді.
- Топтың аудиторлық тобы аудит бойынша жүргізілген жұмыс кезеңінде барлық кәсіпорындарға барды.
- Біздің аудит барлық активтердің 96%, Топтың түсімінің 99% және салық салуға дейінгі топтың абсолютті кірісінің 97% қамтыды.
- Ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануы.

Аудитті жоспарлау кезінде біз маңыздылықты анықтап, шоғырландырылған қаржылық есептіліктің маңызды бұрмалану тәуекелдерін бағаладық. Атап айтқанда, біз басшылықтың субъективті пайымдауларына талдау жасадық, мысалы болжамдар жасау және табиғатынан белгісіз болашақ оқиғаларды қарастыруды қамтитын маңызды бухгалтерлік бағалауларына. Басқа аудиттердегідей, біз басшылықтың ішкі бақылау жүйелерін айналып өту қаупін, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, орынсыз әрекеттердің салдарынан елеулі бұрмалану қаупін тудыратын бұрмалаушылық белгілерінің болуын бағалауды қарастырдық.

Маңыздылық

Біздің аудит көлемін анықтауда маңыздылықты қолдануымыз әсер етті. Аудитте шоғырландырылған қаржылық есептілікте елеулі бұрмауланулар болмауына негізделген орынды сенімділікті басшылыққа алады. Бұрмалау алаяқтық немесе қателіктер нәтижесінде пайда болуы мүмкін. Егер олар жеке немесе жиынтықта пайдаланушылардың осы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізді түрде болжауға болатын болса, олар маңызды болып саналады.

Кәсіби пайымдауымызға сүйене отырып, біз төмендегі кестеде көрсетілгендей, маңыздылық үшін, оның ішінде Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі деңгейінде маңыздылық үшін белгілі бір сандық шекті мәндерді орнаттық. Осы мәндердің көмегімен және сапалық факторларды ескере отырып, біз аудиттің көлемін, сондай-ақ аудиторлық шаралардың сипатын, мерзімдерін және көлемін анықтадық және егер болса (жеке және жиынтықта алынған) бұрмаланулардың тұтастай шоғырландырылған қаржылық есептілікке әсерін бағаладық.

Тұтастай алғанда Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі деңгейіндегі маңыздылық	5,569,000 мың теңге
Біз оны қалай анықтадық	түсімнің шамамен 1 %
Маңыздылық деңгейін анықтау үшін қолданылған базалық көрсеткіштің негіздемесі	Біз түсімнің маңыздылық деңгейін анықтау үшін базалық көрсеткіш ретінде пайдалану туралы шешім қабылдадық. Біз салық салғанға дейінгі пайданы оның ауытқуына байланысты пайдаланбадық. Оның орнына, біз аз өзгермелі және акционер Топ қызметінің нәтижелерін бағалау үшін пайдаланатын түсімді пайдаландық. Түсім шоғырландырылған қаржылық есептілікті пайдаланушылар ескеретін негізгі факторларға сәйкес келеді деп санаймыз. Біз түсімнің шамамен 1% деңгейінде маңыздылықты анықтадық, бұл біздің кәсіби пайымдауымызша, маңыздылықтың қолайлы сандық шектерінің диапазонына кіреді.

Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері – бұл, біздің кәсіби пайымдауымызға сәйкес, ағымдағы кезеңдегі шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін ең маңызды болып табылатын мәселелер. Бұл мәселелер тұтастай алғанда шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті аясында және осы есеп беру туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылды және біз бұл мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз.

Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселесі бойынша қандай аудиторлық рәсімдер жүргізілді

Ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануы

Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 4-ескертпесін қараңыз.

2024 жылғы 31 желтоқсанда Топ басшылығы ұзақ мерзімді активтердің құнсыздану индикаторларына талдау жүргізді. Жүргізілген талдау негізінде Топ басшылығы энергия өндіруші және таратушы кәсіпорындар үшін құнсыздану индикаторларын анықтаған жоқ.

Алайда, Топ «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ бірлесіп бақыланатын кәсіпорыны жобаның жүзеге асырылуының кешігуімен байланысты аяқталмаған құрылыс бойынша жеке құнсыздану индикаторларын анықтады және ол бойынша құнсыздану танылды. №3 энергия блогының жабдығының баланстық құнын қоспағанда, құрылыс және монтаждау жұмыстарына, іргетас дайындауға және құрылысқа байланысты басқа да шығындарға қатысты жұмсалған шығындар бойынша құнсыздану танылды. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша үлестік қатысу әдісімен ескерілетін бірлескен кәсіпорынға салынған инвестициялардың баланстық құнына әсері 9,262,171 мың теңгені құрады.

Біз ұзақ мерзімді активтердің құнсыздану мәселесіне олардың баланстық құнының маңыздылығына, сондай-ақ басшылықтың құнсыздану индикаторларын талдау және пайдалану құндылығын бағалау процесі күрделі болып табылатындығына байланысты ерекше назар аудардық, өйткені ол топтың болашақ нарықтық және экономикалық жағдайлары мен қаржылық- шаруашылық қызметінің нәтижелеріне қатысты елеулі пайымдаулар мен бағалауларды пайдалануға негізделген

Басшылық жүргізген ұзақ мерзімді активтердің құнсыздану индикаторларына және жеке активтердің құнсыздануына қатысты біздің рәсімдер мыналарды қамтыды:

- ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануын бағалау кезінде басқару қолданатын әдістемені түсіну және ішкі процестер мен бақылау құралдарын талдау, олардың ХҚЕС (IAS) 36 сәйкес болуын тексеру;
- басқа активтер тудыратын ақша ағындарынан тәуелсіз ақша ағындарын тудыратын активтердің анықталатын топтарын анықтауды талдау;
- құнсыздану моделіндегі математикалық дәлдікті тексеру;
- энергетика саласындағы экономикалық және нарықтық үрдістерді зерттеу;
- негізгі болжамдар бойынша басшылықпен бірқатар сұхбат жүргізу;
- басқа кіріс деректерін қарау және оларды даму жоспары сияқты растайтын құжаттармен салыстыру, сондай-ақ даму жоспарын қажет болған жағдайда нақты нәтижелермен салыстыру.

Жеке активтердің құнсыздануы бойынша біз сондай-ақ талдауда пайдаланылған негізгі жорамалдарды бағаладық және олардың сыртқы ақпаратқа және басшылықтың «Таза көмір технологиясы негізінде ГРЭС-3 құрылысы» жобасын әзірлеу жабдықты жаңа станцияға баланстық құны бойынша беру жоспарларын бағаладық.

Біз сондай-ақ ХҚЕС (IAS) 36 «Активтердің құнсыздануы» талаптарына сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікке 4-ескертпеде ақпаратты ашудың жеткіліктілігіне назар аудардық.

Топтың аудит көлемін анықтау

Біз аудит көлемін тобы пайдаланатын Топтың құрылымын және бақылау құралдарын ескере отырып, сондай-ақ Топ өз қызметін жүзеге асыратын саланың ерекшелігін ескере отырып, тұтастай алғанда шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы өз пікірімізді білдіру үшін жеткілікті көлемде жұмыстарды орындай алатындай етіп айқындадық.

Топтық аудитке жалпы көзқарасты анықтау кезінде біз топтық аудитор немесе компоненттік аудиторлар, соның ішінде біздің нұсқауларымызға сәйкес жұмыс істейтін басқа аудиторлық фирмалар орындауы керек жұмыс түрін анықтадық. Жұмысты компоненттік аудиторлар жүргізген жағдайларда, біз осы компоненттердің аудитіне қатысуымыздың қажетті деңгейін анықтадық, бұл Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі туралы пікірімізді білдіру үшін жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдер алынды деген қорытындыға келу үшін.

Топтың активтері мен операциялары қауымдастырылған компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарды қоса алғанда, 28 субъектіге (компоненттерге) бөлінеді. Олардың ішінен біз оның маңызды компоненттер ретінде анықтадық, оның ішінде компания, оның жеті еншілес компаниясы және екі бірлескен бақыланатын кәсіпорын.

Он маңызды компонент үшін біз немесе басқа тәуелсіз аудиторлар топ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін пайдаланатын компоненттердің қаржылық ақпаратының аудитін толық орындадық. Біз басқа тәуелсіз аудиторлардың жұмыс құжаттамасына шолу жасадық және онымен негізгі болжамдар мен әдіснаманы талқыладық, тәуелсіздігімізді растадық, КБХЭК кодексінің талаптарын орындадық. Біз сондай-ақ аудиттің тиісті негізгі мәселелерін басшылықпен және аудит жөніндегі Комитетпен талқыладық.

Біз топтың басқа компанияларын маңызды емес компоненттер ретінде анықтадық, оларға қатысты біз қаржылық ақпараттың маңызды жолдары мен жалпы аналитикалық процедуралар бойынша аудиторлық процедуралар жүргіздік.

Жалпы, біздің аудит көлемі барлық активтердің 96%, жалпы кірістің 99% және салық салуға дейінгі топтың абсолютті пайдасының 97% қамтыды. Біз орындаған жоғарыда аталған рәсімдер бізге Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдемелер алуға мүмкіндік берді, олар біздің пікірімізге негіз болады.

Өзге ақпарат

Басшылық өзге ақпарат үшін жауапты болады. Өзге ақпарат осы аудиторлық есеп беру күніне дейін алған жылдық есепті қамтиды бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілікті және осы есеп туралы біздің аудиторлық есебімізді қамтымайды, жылдық есеп бізге аудиторлық есебіннің күнінен беріледі деп күтілуде.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы біздің пікіріміз өзге ақпаратқа қолданылмайды және біз осы ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенім білдіретін қорытынды шығармаймыз.

Біздің шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитін жүргізуімізге байланысты біздің міндетіміз жоғарыда көрсетілген, бізге қолжетімді болған, өзге ақпаратпен танысу және өзге ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептілік немесе аудит жүргізу барысында алған біздің білім арасында елеулі сәйкессіздік болуы және өзге ақпаратта басқа ықтимал маңызды бұрмаланулар болуы туралы мәселені қарау болып табылады.

Егер жылдық есеппен танысқан кезде біз онда елеулі бұрмалаушылық бар деген қорытындыға келсек, мұны корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың назарына жеткізуіміз керек.

Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың, шоғырландырылған қаржылық есептілікке жауапты тұлғалардың жауапкершілігі

Басшылық осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес дайындалуы мен әділ ұсынылуы үшін және алаяқтық немесе қателік салдарынан елеулі бұрмаланулар жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауға қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашуға және басшылық Топты таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеттенген немесе оның қызметін таратудан немесе тоқтатудан басқа қандай да бір нақты баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде есептілік жасауға жауапты.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындалуын қадағалауға жауапты.

Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілікте алаяқтық немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмалаулар жоқ екендігіне ақылға қонымды сенімділіктің болуы және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытынды шығару болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік – бұл жоғары деңгейдегі сенімділікті білдіреді, бірақ ол ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудит маңызды бұрмалаулар болған жағдайда оларды әрқашан анықтайтындығына кепілдік бермейді. Бұрмалау алаяқтық әрекеттердің немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке немесе жиынтығында пайдаланушылардың осы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізді түрде болжауға болатын болса, маңызды болып есептеледі.

ХАС-қа сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби күдікшілікті сақтаймыз. Сонымен қатар, біз келесі әрекеттерді орындаймыз:

- алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдемелерді аламыз. Алаяқтық әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелі қателік нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелінен жоғарырақ, себебі алаяқтық әрекеттер сөз байласуды, жалғандықты, қасақана өткізіп жіберуді, ақпаратты бұрмалап ұсынуды немесе ішкі бақылау жүйесінен тыс іс-әрекеттерді қамтуы мүмкін;
- Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, мән-жайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесі туралы түсінік аламыз;
- қолданылған есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің негізділігін және ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;
- біз басшылықтың есеп жүргізу үшін үздіксіз қызмет негізін қолдануының орындығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне айтарлықтай күмән тудыруы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты айтарлықтай белгісіздік бар ма деген қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы қорытындыға келсек, біз аудиторлық есепте шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі ақпаратты тиісті түрде ашуға назар аударуымыз керек немесе, егер мұндай ақпаратты ашу тиісті түрде болмаса, пікірімізді өзгертуге тиістіміз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық есеп жасалған күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін;

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)

7 - бет

- тұтастай алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, оның ішінде ақпаратты ашуды, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың дұрыс ұсынылуын қамтамасыз ету үшін бақылаймыз;
- шоғырландырылған қаржылық есептілік бойынша пікір білдіру үшін Топ ішіндегі субъектілердің немесе бизнес-бірліктердің қаржылық ақпаратына қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдер алу үшін топтық аудитті жоспарлау және орындау. Біз Топтың аудитін басқаруға, бақылауға және жүргізуге жауап береміз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін толық жауаптымыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты басшылықпен өзара ақпараттық қатынастар жасаймыз, оларға өзге ақпараттан бөлек, жоспарланған аудиттің көлемі мен мерзімдерін, сондай ақ, аудит нәтижесінде туындаған маңызды ескертпелер туралы, оның ішінде, аудит барысында айқындалған ішкі бақылаудың маңызды жетіспеушіліктері туралы мәлімет береміз.

Біз сондай-ақ корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағанымыз және осы адамдарға аудитордың тәуелсіздігіне негізді түрде ықпал ететін барлық өзара қатынастар мен өзге де мәселелер туралы, ал қажет болған жағдайларда тиісті сақтық шаралары туралы хабардар еткеніміз туралы мәлімдемені ұсынамыз.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың назарына жеткізген мәселелердің ішінен біз ағымдағы кезеңдегі шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін ең маңызды, сондықтан аудиттің негізгі мәселелері болып табылатын мәселелерді анықтаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, оларға осы мәселелер туралы ақпаратты жария етуге заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған кезде немесе өте сирек жағдайларда қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есепте хабарланбауы керек деген қорытындыға келгенде, мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарламасының қоғамдық маңызды пайдасынан асып түседі деп негізді түрде болжауға болады деген жағдайлар кірмейді.

Нәтижелер бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есеп шығарылған тапсырманың жетекшісі — Құмарбек Бердіқұлов.

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС атынан

PricewaterhouseCoopers

Бекітілді:

Азамат Қонратбаев
Басқарушы директор
«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС
(Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің
1999 жылғы 21 қазандағы № 0000005
Бас мемлекеттік лицензиясы)

Қол қойылды:

Құмарбек Бердіқұлов
Орындаушы аудитор
(2014 жылдың 6 тамызындағы
№ МФ-0000188 Аудитордың біліктілігі куәлігі)

2025 жылғы 5 наурыз

Алматы, Қазақстан

«САМУҒЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық жағдайы жөніндегі есептілік

Қазақстандық мың теңгемен	Ескерту	31 желтоқсан 2024 ж.	31 желтоқсан 2023 ж.*
АКТИВТЕР			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	7	942,767,009	807,305,400
Инвестициялық меншік		110,460	101,634
Материалдық емес активтер		5,545,328	3,873,844
Пайдалану құқығы түріндегі актив		2,989,995	3,287,300
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардағы инвестициялар	8	86,870,510	90,636,503
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	9	137,821,244	87,565,678
Ұзақ мерзімді активтер жиыны		1,176,104,546	992,770,359
Қысқа мерзімді активтер			
Тауарлы-материалдық қорлар	10	29,035,568	24,375,011
Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешек және өзге де дебиторлық берешек	11	74,709,533	66,637,094
Өзге де қысқа мерзімді активтер	12	29,493,131	15,683,819
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		9,991,326	4,389,702
Ақшалай қаражат және оның эквиваленттері	13	94,952,295	43,662,456
Қысқа мерзімді активтер жиыны		238,181,853	154,748,082
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ		1,414,286,399	1,147,518,441

* Жалпы бақылаудағы кәсіпорындарды сатып алуды көрсету үшін салыстырмалы ақпарат қайта есептелді (2-ескертпе).

2025 жылдың 5 наурызда Басшылықтың Атынан қол қойылды.

Камалов Алимасби Низаматдинұлы
 Экономика және қаржы жөніндегі
 басқарушы директор



Төлекова Сәуле Бекзадақызы
 «Бухгалтерлік және салық есебі»
 департаментінің директоры – Бас
 бухгалтер

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық жағдайы жөніндегі есептілік

Қазақстандық мың теңгемен	Ескерту	31 желтоқсан 2024 ж.	31 желтоқсан 2023 ж.*
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	14	507,435,225	443,567,998
Өзге резервтегі капитал	14	135,136,936	167,372,454
Бөлінбеген пайда		127,401,285	78,607,607
Топ акционерлеріне тиесілі капитал		769,973,446	689,548,059
Бақыламайтын акционерлер үлесі	27	2,829,134	2,368,160
КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		772,802,580	691,916,219
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Активтерді жою міндеттемелері бойынша резерв	15	26,900,279	22,889,811
Өзге резервтер	14	4,030,672	-
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		2,689,601	2,041,793
Қарыздар	16	289,404,650	218,207,129
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер		2,364,069	74,169
Ұзақ мерзімді жалдау міндеттемелері		1,347,020	1,504,522
Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша міндеттемелер	25	75,713,682	69,244,143
Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны		402,449,973	313,961,567
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Активтерді жою міндеттемелері бойынша резерв	15	908,290	1,064,605
Қарыздар	16	83,693,750	51,986,950
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		348,190	267,402
Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және өзге де кредиторлық берешек	17	138,857,112	73,523,643
Бюджетке төленетін салықтар және өзге де төлемдер бойынша берешек	18	8,684,278	10,736,129
Өзге резервтер	14	4,843,000	-
Қысқа мерзімді жалдау бойынша міндеттемелер		859,584	1,028,595
Төленетін табыс салығы		839,642	3,033,331
Қысқа мерзімді міндеттемелер жиыны		239,033,846	141,640,655
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ		641,483,819	455,602,222
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		1,414,286,399	1,147,518,441
Бір жай акцияның баланстық құны (қазақстандық теңгемен)	32	110,361	109,006

* Жалпы бақылаудағы кәсіпорындарды сатып алуды көрсету үшін салыстырмалы ақпарат қайта есептелді (2-ескертпе).

2025 жылдың 5 наурызында бекітіліктің растауымен қол қойылды.



Камалов Алмасой Низаметдинұлы
 Экономика және қаржы жөніндегі
 басқарушы директор

Төлекова Сәуле Бекзадақызы
 «Бухгалтерлік және салық есебі»
 департаментінің директоры – Бас
 бухгалтер

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс жөніндегі есептілік

Қазақстандық мың теңгемен	Ескерту	2024	2023*
Түсім	19	573,489,841	464,722,871
Сатудың өзіндік құны	20	(371,644,629)	(340,403,237)
Жалпы пайда		201,845,212	124,319,634
Сату бойынша шығындар	21	(8,845,348)	(8,931,004)
Жалпы және әкімшілік шығындар	22	(20,013,339)	(14,350,022)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардың нәтижелері бойынша үлес	8	(5,855,910)	3,121,404
Қаржылық емес активтердің (нетто) (құнсыздану шығындары)/активтердің құнсыздануын қалпына келтіру табыстары	4	41,326	(9,748,090)
Қаржылық активтердің құнсыздануын қалпына келтіру табыстары		(182,047)	2,250,509
Өзге табыстар		3,033,056	2,666,488
Өзге шығындар		(765,775)	(1,204,766)
Қаржылық табыстар	23	9,589,058	7,288,192
Қаржылық шығындар	24	(31,322,325)	(25,254,563)
Салық салғанға дейінгі пайда		147,523,908	80,157,782
Табыс салығы бойынша шығыстар	25	(34,555,095)	(22,773,349)
Бір жылғы пайда		112,968,813	57,384,433
Өзге де жиынтықты табыстар (залалы) (Қайта жіктеу салдарынан пайдалар немесе шығындар құрамына жатпайтын баптар)			
Еңбек қызметін аяқтау бойынша сыйақылар міндеттемелерін қайта бағалау		(152,327)	135,881
Бір жылғы жиынтық табыс		112,816,486	57,520,314
Тиесілі пайда:			
Топ акционерлеріне		112,507,839	56,734,968
Бақыланбайтын үлесіне	27	460,974	649,465
БІР ЖЫЛДЫҚ ПАЙДА		112,968,813	57,384,433
Тиесілі барлық жиынтық кіріс:			
Топ Акционерлеріне		112,355,512	56,870,849
Бақыланбайтын үлесіне	27	460,974	649,465
Бір жылғы жиынтық табыс		112,816,486	57,520,314
Топ акционерлеріне тиесілі акцияға шаққандағы бір жылдағы пайда (қазақстандық теңгемен)			
Негізгі және таратылған	32	16,701	9,699

«САМУҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған капиталдағы өзгерістер жөніндегі есептілік

Қазақстандық мың теңгемен	Ескерту	Топ акционерлеріне тиесілі				Бақылмайтын акционерлер үлесі	Барлық капитал
		Акционерлік капитал	Өзге де резервтік капитал	Бөлінбеген пайда	Барлығы		
2023 ж. 1 қаңтарындағы қалдық		378,531,570	124,850,717	28,012,639	531,394,926	1,718,695	533,113,621
Жалпы бақылаудағы кәсіпорындарды сатып алудың әсері*	2	-	42,385,856	-	42,385,856	-	42,385,856
2023 жылғы 1 қаңтардағы қалдық (қайта есептелген)*		378,531,570	167,236,573	28,012,639	573,780,782	1,718,695	575,499,477
Бір жыл ішіндегі пайда		-	-	56,734,968	56,734,968	649,465	57,384,433
Өзге жиынтық табыс		-	135,881	-	135,881	-	135,881
Барлық жиынтық табыс		-	135,881	56,734,968	56,870,849	649,465	57,520,314
Акциялардың эмиссиясы	14	65,036,428	-	-	65,036,428	-	65,036,428
Дивидендтер	14	-	-	(6,140,000)	(6,140,000)	-	(6,140,000)
2023 ж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қалдық		443,567,998	167,372,454	78,607,607	689,548,059	2,368,160	691,916,219
Бір жыл ішіндегі пайда		-	-	112,507,839	112,507,839	460,974	112,968,813
Өзге жиынтық залал		-	(152,327)	-	(152,327)	-	(152,327)
Барлық жиынтық табыс		-	(152,327)	112,507,839	112,355,512	460,974	112,816,486
Акциялардың эмиссиясы	14	4,137,000	-	-	4,137,000	-	4,137,000
Кәсіпорындарды жалпы бақылаумен сатып алу кезінде акциялар эмиссиясы	14	59,730,227	(33,428,805)	(26,301,422)	-	-	-
Акционерден алынған қарыздар бойынша дисконт		-	1,345,614	-	1,345,614	-	1,345,614
Дивидендтер	14	-	-	(24,815,869)	(24,815,869)	-	(24,815,869)
Акционерлермен жүргізілетін өзге операциялар	14	-	-	(12,596,870)	(12,596,870)	-	(12,596,870)
2024 ж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қалдық		507,435,225	135,136,936	127,401,285	769,973,446	2,829,134	772,802,580

* Салыстырмалы ақпарат жалпы бақылаумен сатып алуды көрсету үшін қайта есептелді (2-Ескертпе).

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған ақша қаражатының қозғалысы жөніндегі есептілік

Қазақстандық мың теңгеммен	Ескерту	2024 ж.	2023 ж.*
Операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражат қозғалысы			
Түскен салық төлегенге дейінгі пайда		147,523,908	80,157,782
Мыналарға түзетулер:			
Тозу және амортизация		59,161,013	66,008,675
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің істен шығуынан болған залалдар		308,793	400,939
Қаржылық емес активтердің құнсыздануынан болған табыстар	4	(41,326)	9,748,090
Қаржылық активтердің құнсыздануынан қалпына келтіру залалдар		182,047	(2,250,509)
Қосымша қуаттарды іске қосудан түскен табыстардың амортизациясы		31,322,325	25,254,563
Қаржылық шығыстар		(9,589,058)	(7,288,192)
Қаржылық табыстар	8	5,855,910	(3,121,404)
Тұтынушылардан негізгі қорларды ақысыз беруден түскен табыс	18	(1,573,555)	(1,830,201)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың табыстарындағы үлес		(862,382)	-
Басқа есептеулер		(265,572)	634,585
Айналым капиталындағы өзгерістерге дейін операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражатының қозғалысы		232,022,103	167,714,328
Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешектің және басқа да дебиторлық берешектің және өзге де қысқа мерзімді активтердің азаюы/(көбеюі)		295,310	(19,203,599)
Тауар-материалдық қорлардың көбеюі		(5,037,144)	(9,140,213)
Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешектің және өзге де кредиторлық берешектің және өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелердің (азаюы)/көбеюі		4,222,893	1,868,890
Қызметкерлерге сыйақы беру бойынша берешектің азаюы		338,545	(243,495)
Төлеуге бөлінген салықтың азаюы		(11,522,280)	(4,660,671)
Операциялық қызметтен алынған ақшалай қаражат		220,319,427	136,335,240
Төленген табыс салығы		(35,824,586)	(27,104,347)
Төленген пайыздар		(15,525,932)	(13,456,812)
Алынған дивидендтер		-	1,803,645
Операциялық қызметтен алынған таза ақша қаражаты		168,968,909	97,577,726
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы			
Негізгі құралдарды сатып алу		(176,436,546)	(154,368,988)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(2,037,954)	(305,042)
Борыштық құралдар сатып алу		(139,632,837)	(69,180,465)
Басқа да қаржылық дебиторлық берешекті өтеу		126,472,886	65,580,140
Борыштық құралдарды сатудан түсетін түсімдер		8,504,032	4,870,067
Алынған пайыздық табыс		-	7,901,055
Еншілес ұйымдардың шығуынан түскен түсімдер, оған олардың құрамынан шыққан ақша қаражаты кірмейді		-	1,383,293
Қатысу үлесін арттырмай қауымдасқан компаниялардың жарғылық капиталына салынатын жарналар		(2,094,000)	-
Басқа да ұзақ мерзімді активтерді сатып алу		-	(717,228)
Өзге төлемдер		131,791	238,360
Инвестициялық қызметте алынған таза ақша қаражаты		(185,092,628)	(144,598,808)
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы			
Қарыздардың түсімі	16	224,101,574	85,588,737
Акцияларды шығарудан түсетін түсімдер	14	4,137,000	62,746,343
Қарыздарды өтеу және шығарылған облигациялар бойынша негізгі борышты төлеу	16	(131,137,015)	(89,663,811)
Қаржылық жалдау бойынша негізгі борышты өтеу		(1,002,369)	(895,033)
Акциянерлерге төленген дивидендтер	14	(24,815,868)	(2,041,000)
Өзге төлемдер		(3,933,598)	(4,255,773)
Қаржылық қызметтен түскен таза ақша қаражаты		67,349,724	51,479,463
Валюта айырбас бағамының ақша қаражатына және олардың эквиваленттеріне әсері		61,670	60,347
ақша қаражатының құнсыздануына қатысты резервтің минусы		2,164	5,154
Қызметтен түсетін ақша ағындарының өзгерістері, соның ішінде:		51,289,839	4,523,882
Жыл басындағы ақша қаражаты		43,662,456	39,138,574
Жыл аяғындағы ақшалай қаражат	13	94,952,295	43,662,456

* Салыстырмалы ақпарат жалпы бақылаумен сатып алуды көрсету үшін қайта есептелді (2-Ескертпе).

Негізгі құралдарды сатып алудан түскен ақша ағыны 11,781,462 мың теңге сомасында төленген капиталдандырылған сыйақыны қамтиды (2023 ж.: 10,355,729 мың теңге).

1 Самұрық-Энерго тобы және оның қызметі

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес «Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі – «Компания», «Самұрық-Энерго») мен оның еншілес компаниялары (бұдан әрі – бірлесіп «Топ» деп аталады) үшін 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға әзірленді.

Компания 2007 жылы 18 сәуірде құрылып, 2007 жылы 10 мамырда тіркелген. Компания Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес акционерлік қоғам нысанында құрылған. Топ Қазақстан Республикасы (бұдан әрі – ҚР) энергетикалық кешенінің кәсіпорындарын шоғырландыру мақсатында құрылды.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Компанияның жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына») болып табылады. ҚР Үкіметі – Компанияны түпкі бақылаушы тарап.

Негізгі қызмет

Топ қызметінің негізгі түрлері көмір, көмірсутектер, су ресурстары және жаңартылатын энергия көздері (бұдан әрі - ЖЭК) негізінде электр және жылу энергиясы мен ыстық су өндіру, халыққа және өнеркәсіп кәсіпорындарына өткізу, электр энергиясын тасымалдау және желіде электр энергиясын техникалық бөлу, сондай-ақ су электр станцияларының мүлкітік кешендерін жалға беру болып табылады.

Топтың еншілес компаниялары мен оның бірлескен кәсіпорындарының операциялық қызметі «Электр энергетикасы туралы», «Табиғи монополиялар», «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы», және Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі заңдарымен реттеледі. Энергетикалық компаниялардың қызмет түрлеріне байланысты тарифтік реттеу ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің (бұдан әрі – Комитет) немесе салалық министрлік – ҚР Энергетика министрлігінің (бұдан әрі – ЭМ) құзыретіне жатады.

Энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясына тарифтер Энергетика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 160 «Энергия өндіруші ұйымдар тобы үшін электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту туралы» бұйрығымен және кейінгі өзгерістер мен толықтырулармен бекітілген. Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндіретін электр энергиясын жеткізу тарифтері тіркелген және ЖЭК технологиясына байланысты (жел, күн және басқа көздер үшін бөлек) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 12 маусымдағы № 645 «Тіркелген тарифтерді бекіту туралы» қаулысымен бекітілген және жыл сайын индекстеуге жатады. Бұл ретте қаржы-есеп айырысу орталығы сатып алушы ретінде әрекет етеді, ал энергия өндіруші ұйым сатушы ретінде әрекет етеді. Энергия беруші компаниялар үшін электр энергиясын беру және бөлу, жылу энергиясын өндіру тарифтерін және энергиямен жабдықтау тарифтерін (бұдан әрі – ЭЖ) Комитет реттейді. Комитет реттеу мен бақылауды Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік құқықтық актілеріне қатаң сәйкестікте жүзеге асырады.

Тарифтер бойынша шешімдерге белгілі бір дәрежеде әлеуметтік және саяси мәселелердің де ықпалы тиеді. ҚР Үкіметінің экономикалық, әлеуметтік және өзге салалардағы іс-қимылдары мен шешімдерінің Топтың операциялық қызметіне айтарлықтай ықпалы болуы мүмкін.

Қызмет жүзеге асырылатын мекенжай мен орын

Компанияның бас кеңсесінің мекенжайы мен қызметін жүзеге асыратын орны: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 15А, Б Блок.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есеп саясаты туралы маңызды ақпарат

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау негізі

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік бастапқы құн бойынша есепке алу қағидасы негізінде ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес дайындалды. Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындаған кезде қолданылған есеп саясатының қағидаттары төменде берілген. Есеп саясатының бұл қағидаттары, егер өзгеше көрсетілмесе (5-ескертпе), барлық ұсынылған кезеңдердің есептіліктеріне қатысты жүйелі түрде қолданылды.

ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кейбір маңызды бухгалтерлік бағаларды қолдануды талап етеді. Бұған қоса, басшылық Топтың есептік саясатын қолданған кезде өз пайымдауларына сүйенулері тиіс. Бағалаудың немесе күрделіліктің жоғары деңгейін талап ететін бухгалтерлік есеп саласы, сондай-ақ жорамалдар мен бағалар шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін маңызды болып табылатын салалар 4-Ескертуде көрсетілді.

Үздіксіз қызмет қағидасы

Басшылық осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті қызметтің үздіксіздігі қағидаты негізінде дайындады.

Таныстырылымдағы өзгеріс

2024 жылғы 2 мамырда Самұрық-Қазына акциялар эмиссиясы есебінен "АЭС Шүлбі ГЭС" ЖШС және "АЭС Өскемен ГЭС" ЖШС (бұдан әрі - "Шүлбі ГЭС" және "Өскемен ГЭС") қатысу үлесінің 100% -н «Самұрық-Энерго» тобына берді (12-Ескертпе). Бұл операциялар кәсіпорындардың жалпы бақылаумен бірігуі болып табылады және алдыңғысының бухгалтерлік кітаптарында көрсетілген Шүлбі СЭС және СЭС ҚК активтері мен міндеттемелерінің баланстық құны негізінде мүдделерді біріктіру әдісі бойынша ретроспективті негізде ескеріледі. Тиісінше, осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілік Шүлбі СЭС және СЭС ҚК акцияларының берілуі неғұрлым ерте ұсынылған кезеңнің күнінде орын алғандай және нәтижесінде өткен есептіліктер үшін салыстырмалы ақпарат қайта есептелгендей ұсынылды. Шүлбі ГЭС және ГЭС ҚК таза активтерінің баланстық құны 2023 жылғы 31 желтоқсанға және 2022 жылғы 31 желтоқсанға өзге резервтер құрамында көрсетілді. Осы операциялардың нәтижесінде топтың акционерлік капиталы 59,730,227 мың теңгеге ұлғайтылды. Шығарылған акциялардың номиналды құны мен Шүлбі СЭС және СЭС ҚК таза активтерінің баланстық құны арасындағы айырмашылық осы аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікте бөлінбеген пайданың құрамында көрсетілді.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есеп саясаты туралы маңызды ақпарат (жалғасы)

Шүлбі ГЭС және Өскемен ГЭС нысандарын сатып алуды ескере отырып салыстырмалы деректерге әсері төменде келтірілген:

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп

Қазақстандық теңгемен, мың	31 желтоқсан 2023 ж.
Ұзақ мерзімді активтердің ұлғаюы	
Негізгі құралдарды ұлғайту	48,878,203
Материалдық емес активтерді ұлғайту	459,377
Басқа да ұзақ мерзімді активтердің ұлғаюы	1,641,393
Ұзақ мерзімді активтердің жалпы өсуі	50,978,973
Қысқа мерзімді активтерді ұлғайту	
Тауар-материалдық қорларды ұлғайту	340,221
Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешекті және өзге де дебиторлық берешекті ұлғайту	2,392,113
Басқа қысқа мерзімді активтерді ұлғайту	4,170,797
Табыс салығы бойынша алдын ала төлемді ұлғайту	70,502
Ақша қаражаттары мен олардың баламаларын ұлғайту	1,470,004
Қысқа мерзімді активтердің жалпы өсуі	8,443,637
АКТИВТЕРДІҢ ЖАЛПЫ ӨСУІ	59,422,610
Капиталды ұлғайту	
Басқа резервтерді ұлғайту	42,385,856
Бөлінбеген пайданы ұлғайту	9,555,668
Бас компанияның акционеріне қатысты капиталды ұлғайту жиыны	51,941,524
КАПИТАЛДЫҢ ЖАЛПЫ ҰЛҒАЮЫ	51,941,524
Ұзақ мерзімді міндеттемелерді ұлғайту	
Қызметкерлерге сыйақы бойынша міндеттемелерді ұлғайту	104,432
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелерді ұлғайту	6,724,038
Ұзақ мерзімді міндеттемелердің жалпы ұлғаюы	6,828,470
Қысқа мерзімді міндеттемелерді ұлғайту	
Қызметкерлерге сыйақы бойынша міндеттемелерді ұлғайту	12,853
Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешекті және өзге де кредиторлық берешекті ұлғайту	329,348
Салықтар және бюджетке төленетін басқа да төлемдер бойынша берешекті ұлғайту	237,376
Төленетін табыс салығын ұлғайту	73,039
Қысқа мерзімді міндеттемелердің жалпы ұлғаюы	652,616
МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ҰЛҒАЮЫ	7,481,086
МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛДЫҢ ЖАЛПЫ ҰЛҒАЮЫ	59,422,610

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есеп саясаты туралы маңызды ақпарат (жалғасы)*Пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп*

<i>Қазақстандық теңгемен, мың</i>	2023 ж.
Түсім	19,763,243
Сату құны	(10,727,604)
Жалпы пайда	9,035,639
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(824,942)
Қаржы активтерінің құнсыздануын қалпына келтіруден түсетін кірістер, (нетто)	8,057,283
Басқа кірістер	51,892
Басқа шығындар	(16,571)
Қаржылық кірістер	782,919
Қаржылық шығындар	(10,560)
Салық салуға дейінгі пайда	17,075,660
Табыс салығы бойынша шығыстар	(3,420,992)
Кезеңдегі жалпы пайда	13,654,668

Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп

2023 жылдың 31 желтоқсанда аяқталған таза ақша ағындары төмендегідей болды:

<i>Қазақстандық теңгемен, мың</i>	2023 ж.
Операциялық қызметтен алынған ақша қаражаты	8,602,066
Инвестициялық	(7,555,055)
Қаржылық	(4,098,945)
Ақша қаражатының құнсыздануына арналған резервті шегергенде	124
Ақша қаражаттары мен олардың баламаларын азайту	(3,051,810)

Шоғырландырылған қаржылық есептілік**(i) Еншілес компаниялар**

Еншілес ұйымдар шоғырландырылған қаржылық есептілікке олардың операцияларын Бақылау тобына берілген күннен бастап (сатып алу күні) енгізіледі және бақылау жоғалған күннен бастап шоғырландырылған есептіліктен шығарылады.

Еншілес компаниялар сатып алу әдісі бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізіледі. Сатып алынған сәйкестендірілетін активтер, сондай-ақ бизнесті біріктіру кезінде алынған міндеттемелер мен шартты міндеттемелер бақыланбайтын қатысу үлесінің мөлшеріне қарамастан, сатып алу күніндегі әділ құн бойынша көрсетіледі.

Топ қатысудың тікелей үлесін білдіретін және таратылған жағдайда ұстаушыға таза активтердің пропорционалды үлесіне құқық беретін бақыланбайтын қатысу үлесін әрбір операция бойынша жеке не а) әділ құн бойынша не б) сатып алынған ұйымның таза активтеріндегі бақыланбайтын қатысу үлесіне барабар бағалайды.

Тікелей қатысу үлесі болып табылмайтын бақыланбайтын қатысу үлесі әділ құны бойынша бағаланады.

Компания және оның барлық еншілес компаниялары Топтың есеп саясатына сәйкес келетін бірыңғай есеп саясатын қолданады.

(ii) Бірлескен қызмет

ХҚЕС-11-ге сәйкес, бірлескен қызметке салынған инвестиция әрбір инвестордың шарттық міндеттемелері мен құқықтарына байланысты жіктеледі. Топ өзінің бірлескен қызметінің сипатын бағалап, оны бірлескен кәсіпорындар санатына жатқызды. Бірлескен кәсіпорындардың қызметі үлестік әдіс бойынша ескеріледі.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есеп саясаты туралы маңызды ақпарат (жалғасы)

Бірлескен кәсіпорындардың есеп саясаты Топтың есеп саясатына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін түзетілді.

(iii) Қауымдасқан компанияларға салынған инвестициялар

Қауымдастырылған - бұл Компания айтарлықтай әсер ететін (тікелей немесе жанама), бірақ оларға бақылау жасай алмайтын компаниялар; әдетте, бұл компаниялардағы дауыс беретін акциялардың үлесі 20% - дан 50% - ды құрайды. Қауымдастырылған компанияларға салынған инвестициялар үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынады және бастапқыда сатып алу құны бойынша танылады.

Шетелдік валютаны қайта есептеу

(i) Функционалдық валюта және шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсыну валютасы

Егер өзгеше көрсетілмесе, онда осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген барлық сандық мәліметтер мың теңгемен көрсетіледі.

Ұйым өзінің қызметін жүзеге асыратын негізгі экономикалық ортадағы валюта функционалдық валюта болып табылады. Еншілес компаниялардың, бірлескен кәсіпорындардың, қауымдасқан компаниялардың және бас компаниялардың функционалдық валютасы теңге болып табылады.

(ii) Шетелдік валютамен жасалған операциялар және қалдықтар

Шетелдік валютамен жасалған операциялар операция жасалған күнгі ресми бағамдар бойынша функционалдық валютаға қайта есептелді.

Осы операциялар бойынша жасалған есептердің нәтижесінде, сонымен қатар, шетелдік валютамен көрсетілген жыл соңындағы айырбас бағамдар бойынша ақша активтері мен міндеттемелерін қайта есептеу нәтижесінде туындаған бағам айырмашылығынан болған пайда немесе залалдар пайдада немесе залалдарда көрсетіледі.

2024 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша шетелдік валютадағы қалдықтарды қайта есептеу үшін айдаланылатын ресми айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 499.11 теңгені құрады (2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша: 1 АҚШ доллары үшін 454.56 теңге). Теңгені басқа валюталарға айырбастауға қатысты валюталық шектеу мен бақылау ережелері жұмыс істейді. Қазіргі кезде теңге Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде еркін айырбасталатын валюта болып табылмайды.

Қаржылық құралдар

Бастапқы құн төленген ақша қаражатының немесе олардың баламаларының сомасын немесе сатып алу күні активті сатып алу үшін берілген басқа өтемнің әділ құнын білдіреді және мәміле бойынша шығындарды қамтиды. Бастапқы құн бойынша бағалау нарықтық баға белгілеулері жоқ және әділ құны сенімді бағаланбайтын үлестік құралдарға инвестициялар салуға және ашық нарықта баға белгілеулері жоқ осындай үлестік құралдарға байланған және осындай үлестік құралдармен өтеуге жататын туынды құралдарға қатысты ғана қолданылады.

(i) Қаржылық активтер

2024 жылдың 31 желтоқсанында және 2023 жылдың 31 желтоқсанында Топтың қаржылық активтері амортизацияланған құны бойынша бағаланатын болып жіктелді.

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын үлестік құралдар күтілетін кредиттік залалдар үшін бағалау резервин шегергендегі қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте ұсынылады.

Топ бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік сападағы өзгерістер негізінде құнсыздануды есепке алудың «үш сатылы» моделін қолданады. Бастапқы тану кезінде құнсызданбаған қаржы құралы 1-кезеңге жатады деп жіктеледі. 1-кезеңнің қаржы активтері үшін күтілетін кредиттік залал, егер ол 12 ай өткенге дейін («12 айлық күтілетін кредиттік залал») басталса, келесі 12 ай ішінде немесе шартқа сәйкес өтеу күніне дейін орын алуы мүмкін дефолттар нәтижесінде туындайтын барлық мерзім үшін күтілетін кредиттік залалдың бір бөлігіне тең сомада бағаланады. Егер Топ бастапқы танылған сәттен бастап несиелік тәуекелдің едәуір өсуін сәйкестендірсе, онда актив 2-кезеңге ауыстырылады, ал осы актив бойынша күтілетін несиелік шығындар бүкіл мерзім ішінде, яғни шартқа сәйкес өтеу күніне дейін күтілетін несиелік шығындар негізінде, бірақ егер ол көзделген болса, күтілетін алдын-ала төлемді ескере отырып («бүкіл мерзім үшін күтілетін несиелік шығындар мерзімі») бағаланады. Егер Топ қаржы активінің құнсызданғанын анықтаса, актив 3-кезеңге ауыстырылады және ол бойынша күтілетін кредиттік залал бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залал ретінде бағаланады. Сатып алынған немесе құрылған несиелік-құнсызданған қаржылық активтер үшін күтілетін несиелік шығындар әрқашан бүкіл мерзімде күтілетін несиелік шығындар ретінде бағаланады.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есеп саясаты туралы маңызды ақпарат (жалғасы)

Топ (а) осы активтер өтелген кезде немесе осы активтермен байланысты ақша ағындарына құқықтардың мерзімі аяқталған немесе (б) топ қаржы активтерінен ақша ағындарына құқықтарды берген немесе беру туралы келісім жасаған, сонымен бірге (і) іс жүзінде барлық тәуекелдер мен сыйақыларды берген немесе (іі) осы активтерге иелік етумен байланысты барлық тәуекелдер мен сыйақыларды бермеген немесе сақтамаған, бірақ осы активтерге қатысты бақылау құқығынан айырылған кезде қаржылық активтерді тануды тоқтатады. Егер контрагенттің активті байланысты емес үшінші тарапқа сатуға шектеулер енгізбестен толық сатуға практикалық мүмкіндігі болмаса, бақылау сақталады.

(iii) Қаржылық міндеттемелер

Қаржылық міндеттемелерді тану олар өтелген жағдайда тоқтатылады (яғни шартта көрсетілген міндеттеме орындалғанда немесе тоқтатылғанда немесе оның орындалу мерзімі аяқталғанда).

Борыштық құралдарды Топ пен оның бастапқы кредиторлары арасындағы айтарлықтай ерекшеленетін шарттармен айырбастау, сондай-ақ қолданыстағы қаржылық міндеттемелер шарттарының елеулі өзгерістері бастапқы қаржылық міндеттемені өтеу және жаңа қаржылық міндеттемені тану ретінде ескеріледі. Егер бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған алынған сыйақыларды шегергендегі барлық төленген сыйақыларды қоса алғанда, жаңа шарттарға сәйкес ақша ағындарының дисконтталған келтірілген құны бастапқы қаржылық міндеттеме бойынша қалған ақша ағындарының дисконтталған келтірілген құнынан кемінде 10% - ға өзгеше болса, шарттар айтарлықтай ерекшеленеді деп есептеледі. Сонымен қатар, басқа сапалық факторлар ескеріледі. Егер борыштық құралдармен алмасу немесе шарттарды өзгерту өтеу ретінде есепке алынса, барлық шығындар немесе төленген сыйақылар өтеуден түскен пайда немесе залал құрамында танылады. Егер айырбастау немесе түрлендіру өтеу ретінде есепке алынбаса, барлық шығындар немесе төленген сыйақылар міндеттеменің баланстық құнын түзету ретінде көрсетіледі және өзгертілген міндеттеменің қалған қолданылу мерзімі ішінде амортизацияланады.

Міндеттемелерді өтеуге әкеп соқпайтын олардың модификациялары кумулятивтік амортизацияны кері санмен есептеу әдісі бойынша бағалау мәнінің өзгеруі ретінде ескеріледі, бұл ретте пайда немесе залал, егер баланстық құнындағы айырмашылықтың экономикалық мазмұны меншік иелерінің капиталмен жасалатын операциясына қатысты болмаса, пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар, егер қажет болса, жинақталған тозуды және құнсыздануға арналған резервті шегергендегі бастапқы құны бойынша есепте көрсетіледі.

Активтерді жою жөніндегі міндеттемелерге арналған резервтер негізгі құралдардың құрамына капиталдандырылады.

Жерге тозу есептелмейді. Негізгі құралдардың басқа объектілерінің тозуы олардың бастапқы құнын олардың пайдалы пайдалану мерзімі ішінде жою құнына дейін біркелкі есептен шығару әдісі бойынша есептеледі, атап айтқанда:

	<u>Пайдалы қолдану мерзімі (жылдар саны)</u>
Ғимараттар мен құрылыстар	8 - 100
Машиналар мен жабдықтар және көлік құралдары	2 - 50
Басқалар	3 - 20

Егер Топ объектіні өзінің физикалық қызмет ету мерзімі аяқталғанға дейін пайдалануды көздесе, активтің тарату құны нөлге теңестіріледі. Активтердің тарату құны және оларды пайдалы қолдану мерзімдері қайта қаралады және қажет болған жағдайда әрбір есепті кезеңнің соңында түзетіледі.

Материалдық емес активтер

Топтың барлық материалдық емес активтерінің белгілі бір пайдалы қолдану мерзімі бар және негізінен капиталдандырылған бағдарламалық жасақтама мен лицензияларды қамтиды. Сатып алынған бағдарламалық жасақтама оны сатып алуға және пайдалануға беруге жұмсалған шығындар сомасында капиталдандырылады.

Барлық материалдық емес активтер басшылық 2 жылдан 25 жылға дейін бағалаған пайдалы қызмет мерзімі ішінде түзу әдіспен амортизацияланады.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есеп саясаты туралы маңызды ақпарат (жалғасы)**Қаржылық емес активтердің құнсыздануы**

2024 жылғы 19 қазанда «Самұрық-Қазына» АҚ орналастыру бағасы бойынша компанияның 403,750 акциясын сатып алды «Алматы ЖЭО-3-ті қайта жаңарту» жобасын іске асыру шеңберінде «АлЭС» АҚ жарғылық капиталын толықтыру мақсатында басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес жалпы сомасы 38,545,205 мың теңгеге ақша қаражатын беру арқылы 1 жай акция үшін 95,468 теңге (9, 26-ескерпте).

«Самұрық-Энерго» АҚ Жалғыз акционерге 24,815,869 мың теңге мөлшерінде жарияланған дивидендтерді толық төледі.

Шығарылған және жарияланған қарапайым акцияларды салыстыру төменде келтірілген:

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	Шығарылған жай акциялар саны [дана]	Жарияланған жай акциялар саны [дана]
2023 ж. 1 қаңтарға	5,632,537	8,602,187
Акциялар шығару	679,430	-
2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай	6,311,967	8,602,187
Акциялар шығару	4,800	-
Кәсіпорындарды жалпы бақылау негізінде сатып алу кезіндегі акциялар эмиссиясы	635,500	-
2024 ж. 31 желтоқсандағы жағдай	6,952,267	8,602,187

14 Капитал (жалғасы)**Акционермен жүргізілетін өзге операциялар**

ҚР Үкіметінің тапсырмасына сәйкес, Екібастұз қаласында жылумен жабдықтау бойынша орын алған сәтсіз апаттан кейін Екібастұз ЖЭО-ны күрделі жаңғырту туралы мәселе қаралды. Сонымен қатар, жергілікті атқарушы органдардың Екібастұз қаласы әкімдігінің меншігі болып табылатын станцияны қолдау және дамыту бойынша қаржылық және техникалық мүмкіндіктерінің жоқтығын ескере отырып, Үкімет Самұрық-Энергоға Екібастұз қаласының әкімдігімен 2027 жылғы маусымға дейінгі мерзіммен Екібастұз ЖЭО активтерін Топқа тапсыра отырып, сенімгерлік басқару шартын жасасуды тапсырды. Өз кезегінде топ өз қаражаты есебінен активтерге күрделі жөндеу жүргізуге міндетті. Шарт мерзімі өткеннен кейін топ берілген активтерді олардың қалыпты пайдаланылуын және халықты үздіксіз жылумен қамтамасыз ететін жағдайда қайтаруға тиіс. Екібастұз ЖЭО активтерін күрделі жөндеу жөніндегі міндеттемені қамтитын сенімгерлік басқару шартын жасасу туралы шешімді Топтың түпкі акционері қабылдағандықтан және директивалық сипатта болғандықтан, мұндай операциялар топтың есеп саясатына сәйкес «Акционерлермен жасалатын басқа операциялар» ретінде қарастырылады. Топ бұл шарттан ешқандай экономикалық пайда көрмейді. Тиісінше, топ Екібастұз ЖЭО күрделі жөндеудің құнын бағалады және күрделі жөндеу бойынша міндеттемелер үшін резервтер құрды, сондай-ақ капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте оларды акционермен жасалатын басқа операциялар ретінде көрсетті. 2024 жылдың 31 желтоқсанына Топ Екібастұз қаласы әкімдігінің жүргізілген күрделі жұмыстарын 3,723,198 мың теңге сомасында тапсырды. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте топ 4,030,672 мың теңге мөлшерінде өзге де ұзақ мерзімді резервті және 4,843,000 мың теңге мөлшерінде өзге де қысқа мерзімді резервті таныды.

Басқа резервтік капитал

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	Кәсіпорын- дарды біріктіру резерві	Акционер мен жүргізілген операцияның нәтижесі	Өзге де жиынтық залал	Барлығы
2023 ж. 1 қаңтардағы қалдық	37,282,287	90,607,549	(3,039,119)	124,850,717
Жалпы бақылаудағы кәсіпорындарды сатып алудың әсері	-	42,385,856	-	42,385,856
2023 ж. 1 қаңтардағы қалдық (қайта есептелген)	37,282,287	132,993,405	(3,039,119)	167,236,573
Өзге де жиынтық залал	-	-	135,881	135,881
2023 ж. 31 желтоқсандағы қалдық (қайта есептелді)	37,282,287	132,993,405	(2,903,238)	167,372,454
Басқа жиынтық табыс	-	-	(152,327)	(152,327)
Акционерден алынған қарыздар бойынша дисконт	-	1,345,614	-	1,345,614
Кәсіпорындарды жалпы бақылаумен сатып алу кезіндегі акциялар эмиссиясы	-	(33,428,805)	-	(33,428,805)
2024 ж. 31 желтоқсандағы қалдық	37,282,287	100,910,214	(3,055,565)	135,136,936

15 Активтерді жою міндеттемелері бойынша резерв

Төменде объектілерді пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемелер бойынша резерві бойынша қозғалыс көрсетілген:

Қазақстандық мың теңгемен	Ескертпе	31 желтоқсан 2024 ж.	31 желтоқсан 2023 ж.
1 қаңтардағы резерв		20,810,977	19,146,405
Негізгі құралдар арқылы есептік бағалаудың өзгеруі	4, 7	983,639	(356,416)
Дисконттың сомасына ұлғаю	24	2,345,145	2,020,988
Резервті пайдалану		(70,541)	-
31 желтоқсандағы жағдай бойынша объектілерді пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемелер бойынша жалпы резерв		24,069,220	20,810,977

Төменде күл үйінділерін жоюға арналған резерві бойынша қозғалыс көрсетілген:

Қазақстандық мың теңгемен	Ескертпе	31 желтоқсан 2024 ж.	31 желтоқсан 2023 ж.
1 қаңтардағы резерв		3,143,439	2,481,989
Негізгі құралдар арқылы есептік бағалаудың өзгеруі	4, 7	235,977	132,290
Басқа операциялық кірістерде көрсетілген есептік бағалаудағы өзгерістер		265,393	226,874
Дисконттың сомасына ұлғаю	24	388,311	311,011
Басқалар		(293,771)	(8,725)
31 желтоқсандағы резерв		3,739,349	3,143,439

16 Қарыздар

Қазақстандық мың теңгемен	31 желтоқсан 2024 ж.	31 желтоқсан 2023 ж.
Ұзақ мерзімді бөлігі		
Мерзімді банктік қарыздар	163,230,819	106,921,024
Самұрық-Қазынадан алынған қарызы	81,042,825	70,394,751
Шығарылған облигациялар	44,452,414	40,122,505
Тұтынушылардан алынған қарызы	678,592	768,849
Қарыз жиыны - ұзақ мерзімді бөлігі	289,404,650	218,207,129
Қысқа мерзімді бөлігі		
Жедел банктік қарыздар	32,539,739	26,317,015
Богатырь-Комирден алынған қарызы	15,613,063	15,489,217
Самұрық-Қазынадан алынған қарызы	2,761,153	9,351,577
Шығарылған облигациялар	32,332,561	413,567
Тұтынушылардан алынған қарызы	447,234	415,574
Қарыз жиыны - қысқа мерзімді бөлігі	83,693,750	51,986,950
Барлық қарыздар	373,098,400	270,194,079

16 Қарыздар (жалғасы)

Топтың қарыздары төмендегі валюталарда көрсетілген:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	31 желтоқсан 2024 ж.	31 желтоқсан 2023 ж.
Қарыздар мына валюталарда көрсетілген:		
- теңге	373,098,400	270,138,271
- еуро	-	55,808
Барлық қарыздар	373,098,400	270,194,079

Төмендегі кестеде ұсынылған әр кезең үшін таза қарыз сомасының және қаржылық қызметтің нәтижесінде туындайтын Топтың міндеттемелеріндегі өзгерістердің талдауы ұсынылған. Осы міндеттемелердің баптары қаржылық қызмет құрамындағы ақша қаражатының қозғалысы туралы есепте көрсетілген.

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	Ескертпе	2024 ж.	2023 ж.
1 қаңтардағы қарыздар		270,194,079	265,926,978
Алынған қарыздар және шығарылған облигациялар бойынша түсімдер		224,101,574	85,588,737
Қарыздарды төлеу		(131,137,015)	(89,663,811)
Төленген сыйлықақы		(16,916,632)	(13,257,667)
Инвестициялық қызметтен (негізгі құралдарды сатып алудан) түскен ақша қаражатының қозғалысында көрсетілген капиталдандырылған сыйақы		(11,781,462)	(10,355,729)
Алынған несиені бастапқы тану кезінде дисконт есептеу		(1,345,613)	(1,089,771)
Капиталдандырылған сыйлықақы	7	12,767,766	11,169,836
Пайыздық шығындар			
Сыйлықақыны есептеу	24	18,971,530	14,476,424
Келтірілген құнының дисконтын жою	24	8,097,240	7,537,275
Бағамдық айырмашылықтар бойынша түзетулер		4,854	(54,122)
Өзге төлемдер		142,079	(84,071)
31 желтоқсандағы қарыздар		373,098,400	270,194,079

Самұрық-Энерго

Самұрық-Қазына

2010 жылғы 17 наурызда Компания «Самұрық-Қазына» қорымен Forum Muider-тің 50% үлесін сатып алу нәтижесінде болған қарызды қайта қаржыландыру үшін 48,200,000 мың теңге сомасындағы несиелік келісімге қол қойды. Несие жылдық 1,2% пайыздық мөлшерлемесімен, өтеу мерзімі 2029 жылғы 15 қыркүйектен кешіктірілмейтін мерзімге берілді. Негізгі сома жыл сайынғы тең үлестермен өтеледі, ал пайыздар несиеленгеннен кейінгі келесі есепті жылдан бастап жартыжылдық төлемдермен төленеді.

2011 жылғы 14 қаңтарда Компания «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ қосалқы станциясының құрылысын қаржыландыру үшін «Самұрық-Қазына» қорымен 7,000,000 мың теңге сомасындағы несиелік келісімге қол қойды. Несие жылдық 2% сыйақы мөлшерлемесімен, өтеу мерзімі 2024 жылдың 25 қаңтарынан кешіктірілмейтін мерзімге берілді. 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған он екі ай ішінде Компания «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ қосалқы станциясының құрылысын қаржыландыру мақсатында Самұрық-Қазынамен жасалған кредиттік келісім мерзімін 2026 жылғы 25 желтоқсанға дейін ұзарту туралы қосымша келісімге қол қойды, бұл қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесі есепті жылдың басындағы 10 жылдағы орташа өлшенген инфляцияға тең. Басшылық қарыз шарттарындағы мұндай өзгеріс бастапқы қарызды тануды тоқтату және жаңа қарызды әділ құны бойынша тану ретінде ескерілуі тиіс деп есептейді. Компания басқа резервтік капитал құрамында 1,345,614 мың теңге сомасында қарызды бастапқы танудан түскен табысты мойындады.

2014 жылғы 16 қаңтарда Компания ЕГРЭС-1-де қалған үлесті сатып алу мақсатында «Самұрық-Қазына» қорымен 200,000,000 мың теңге сомасындағы несиелік келісімге қол қойды. Негізгі қарыз 2028 жылдың 1 желтоқсанында төленеді, ал сыйақы жартыжылдық төлемдермен 7.8% мөлшерлемесімен төленеді.

16 Қарыздар (жалғасы)

2014 жылғы 3 қазанда негізгі борыш сомасы 100,000,000 мың теңге мөлшерінде Компанияның акцияларына айырбасталды. Негізгі қарыздың қалған сомасы бойынша пайыздық мөлшерлеме жылдық 9% - ға дейін көтерілді.

2015 жылғы 25 желтоқсанда негізгі борыш сомасы бойынша пайыздық мөлшерлеме жылдық 1% - ға дейін төмендетілді, бұл қарыз шарттарындағы елеулі өзгеріс болды. Қарыз алу күніндегі нарықтық мөлшерлеме жылдық 12.8% - ға құрады. Компания басқа капиталдың құрамында 72,581,903 мың теңге сомасында қарызды бастапқы танудан түскен табысты мойындады.

Облигациялар

2018 жылғы қарашада Компания жеті жыл мерзімге 1 облигация үшін 1000 теңге номиналдық құны бойынша 21,736,200 мың теңге жалпы сомасында облигацияларды шығарды және жариялады. Купондық пайыздық мөлшерлеме жылдық 11.2%-ды құрады және жылына екі рет төлеуге жатады.

2021 жылғы 25 қарашада Компания 6.5 жыл мерзімге 1 облигация үшін номиналдық құны 100,000,000 теңге, жалпы сомасы 18,400,000 мың теңгеге 184 дана жасыл облигацияларды шығарып, орналастырды. Купондық пайыздық мөлшерлеме жылдық 11.4%-ды құрады және жылына екі рет төленеді.

2024 жылғы 19 қыркүйекте «Самұрық-Энерго» АҚ Тобы үшін өтімділікті басқару бағдарламасы шеңберінде Astana International Exchange алаңында Топ айналыс мерзімі 5 жыл, ҚРҰБ+1% өзгермелі мөлшерлемесімен 34,736,552 мың теңге сомасына ұзақ мерзімді облигациялар шығарды.

Еуразия Даму Банкі

2024 жылғы 30 маусымда компания Еуразия Даму Банкінен 2034 жылғы 31 қазанда өтеу мерзімімен 6,626,296 мың теңге сомасына қарыз алды. Нысаналы мақсаты-еншілес ұйымның Еуразиялық Даму Банкі алдындағы негізгі борышын өтеу мақсатында «Eneumentau Wind Power» ЖШС-ға қарыз беру. Пайыздық мөлшерлеме - 2026 жылғы 31 қазанға дейін жылдық 11.5%. 2026 жылғы 1 қарашадан бастап негізгі борыш толық өтелгенге дейін пайыздық мөлшерлеме Қазақстан Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің және жылдық 2.25% маржаның сомасына тең.

«Богатырь Көмір» ЖШС

2022 жыл ішінде Компания Forum Muider тобының бірлескен кәсіпорны – «Богатырь Көмір» ЖШС еншілес компаниясынан қарыз алу мерзімінің соңында негізгі борыш пен сыйақыны өтеу шартымен 12 ай мерзімге жалпы сомасы 12,482,770 мың теңге қарыз алды. Сыйақының жылдық мөлшерлемесі транш берілген күні қолданыстағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесіне және жылдық 1% мөлшеріндегі маржаға тең (2023 жылғы 31 желтоқсан: маржа жылына 2%-ды құрады).

2024 жылғы ақпанда жалпы сомасы 1,880,333 теңге мөлшеріндегі қарызды ішінара мерзімінен бұрын өтеу жүргізілді. 2024 жыл ішінде қарыз бойынша 2,060,614 мың теңге сомасына сыйақы есептелді (2023 жыл: 2,174,579 мың теңге).

2024 жылғы қыркүйекте қарыздар мерзімі 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзартылды, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2024 жылғы шілдедегі базалық мөлшерлемесіне тең жылдық сыйақы мөлшерлемесі, оған қоса жылдық 2% мөлшерінде маржа ұлғайтылды.

«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ**«Қазақстан Халық банкі»**

2015 жылы АЖК Халық банкімен несие желісін беру туралы келісім жасады. 2024 жыл ішінде инвестициялық қызмет бойынша ұзақ мерзімді қарыздар бойынша міндеттемелер толық өтелді, кестелерге сәйкес негізгі борышты өтеудің жылдық сомасы 2,343,298 мың теңгені, сыйақыларды өтеу сомасы - 148,924 мың теңгені құрады.

2024 жылғы 8 қаңтарда Қазақстан Халық Банкімен қолданыстағы келісім шеңберінде айналым қаражатын толықтыру үшін өтімділікті қамтамасыз ету мақсатында 1.5 миллиард теңгеге жаңартылатын негізде кредиттік желі – 11-Лимит ашылды.

16 Қарыздар (жалғасы)

Кейіннен бұл несие желісі ұлғайтылды:

- 2024 жылғы 4 мамырдағы қосымша келісімге сәйкес 3.0 миллиард теңгеге дейін;
- 2024 жылғы 27 қыркүйектегі қосымша келісімге сәйкес 5.0 миллиард теңгеге дейін.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы лимит бойынша атаулы қарыз жылдық 16.25% -17.75% пайыздық мөлшерлемелермен 5,000,000 мың теңгені құрайды.

Міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ағымдағы шоттарындағы жылжымалы мүлік – ақша кепілге берілді (беріледі).

Jusan Bank

«First Heartland Jusan Bank» АҚ алдындағы берешек 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша толығымен өтелді. 2021 жылғы 16 тамыздағы № 200/0096-21 шарт 2024 жылғы 16 тамызда бұзылды

«Ereymtau Wind Power» ЖШС

Еуразия Даму банкі

2019 жылғы 31 қазандағы № 193 жаңартылмайтын кредиттік желі туралы кредиттік шарт шеңберінде «Ereymtau Wind Power» ЖШС (бұдан әрі – «EWP») Ақмола облысында жел электр станциясының құрылысына ұзақ мерзімді қарыз тартты. Пайыздық мөлшерлеме несие шарты күшіне енген күннен бастап жеті жыл ішінде берілген транштар үшін – жылдық 11.5%, шарттың алғашқы жеті жылы аяқталғаннан кейін транштар үшін - базалық мөлшерлеменің сомасы және маржа. 2023 жылы «Ereymtau Wind Power» ЖШС Еуразиялық даму банкінен алған несие бойынша берешегін мерзімінен бұрын өтеді.

«Алматы электр станциялары» АҚ

«Қазақстан Халық банкі»

2014 жылғы 26 қарашада АлЭС несие желісін беру туралы келісім жасасты «Қазақстан Халық банкі» АҚ. Кредиттік желінің қолданылу мерзімі 2026 жылғы 1 қыркүйек. Осы Келісімге сәйкес кредиттік желінің жалпы сомасы 14,100,000 мың теңге, оның ішінде:

- 13,500,000 мың теңге (бұдан әрі – 1 Лимит). 1 лимиттің нысаналы мақсаты-айналым қаражатын толықтыру;
- 600,000 (бұдан әрі – Лимит 2). 2-лимиттің нысаналы мақсаты-банктік кепілдіктер беру, кепілдіктерді жабуға арналған банктік қарыздар, оның ішінде қысқа мерзімді қарыздар.

Еуропа қайта құру және Даму банкі

2022 жылғы 25 қарашада АлЭС пен Еуропа қайта құру және Даму банкі арасында жалпы сомасы 130,000,000 мың теңгеге №52821 қарыз шартына қол қойылды. Кепілді қамтамасыз ету ретінде Самұрық-Қазына шартсыз және қайтарылмайтын кепілдігі берілді.

2024 жылғы 2 шілдеде осы Шарт бойынша 21,246,195 мың теңге мөлшерінде 1 транш игерілді.

2024 жылғы 3 желтоқсанда 22,926,424 мың теңге көлемінде 2 транш игерілді.

Қарыз сомасының 0.1% мөлшерінде қаржыландыруды ұйымдастырғаны үшін төленген комиссия, қарыз сомасының жылдық 0.5% резервтегені үшін комиссия, клиенттің банк талаптарына және шарт талаптарына сәйкестігіне қорытындылар алу үшін сарапшыларды тартуға арналған Банктің шығыстарын өтеу өзге активтердің құрамына енгізілген. Бұл төлемдер болашақ кезеңдердің қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді шығындарына оларды жылдар бойынша алу кестесіне сәйкес транштарға пропорционалды түрде бөлінді.

Комиссияның жалпы сомасы және Банктің шығыстарын өтеу сомасы 1,639,600 мың теңге, оның ішінде: ұзақ мерзімді бөлігі 1,337,242 мың теңгені және қысқа мерзімді бөлігі 302,358 мың теңгені құрайды.

Қазақстан Даму банкі

2024 жылғы 8 маусымда АлЭС пен «Қазақстан Даму банкі» АҚ арасында 117,000,000 мың теңге сомасына Кредиттік желі ашу туралы келісімге қол қойылды. Кепілді қамтамасыз ету ретінде Самұрық-Қазына шартсыз және қайтарылмайтын кепілдігі берілді. Осы Шарт бойынша игеру жүргізілген жоқ.

16 Қарыздар (жалғасы)*Азия Даму банкі*

2024 жылғы 9 маусымда АлЭС пен Азия Даму банкі арасында 98,000,000 мың теңге сомаға Кредиттік келісімге қол қойылды. Кепілді қамтамасыз ету ретінде Самұрық-Қазына шартсыз және қайтарылмайтын кепілдігі берілді.

2024 жылғы 20 желтоқсанда осы Шарт бойынша 15,000,000 мың теңге мөлшерінде бірінші траншты игеру жүзеге асырылды.

Қарыз сомасының 0.1% мөлшерінде қаржыландыруды ұйымдастырғаны үшін төленген комиссия, қарыз сомасының жылдық 0.5% резервтегені үшін комиссия, клиенттің банк талаптарына және шарт талаптарына сәйкестігіне қорытындылар алу үшін сарапшыларды тартуға арналған Банктің шығыстарын өтеу өзге активтердің құрамына енгізілген. Бұл төлемдер болашақ кезеңдердің қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді шығындарына оларды жылдар бойынша алу кестесіне сәйкес транштарға пропорционалды түрде бөлінді.

1,371,801 мың теңге сомасына комиссияның және Банктің шығыстарын өтеудің жалпы сомасы, оның ішінде: ұзақ мерзімді бөлігі 1,074,302 мың теңгені және қысқа мерзімді бөлігі 297,499 мың теңгені құрайды.

Еуразия даму банкі

2024 жылғы 28 қыркүйекте АлЭС-тің 236,858,700 мың теңгеден астапйтын мөлшердегі бірінші облигациялық бағдарламасы «Астана» халықаралық қаржы орталығының биржасында тіркелді. 2024 жылғы 30 қарашада Еуразия даму банкінің АлЭС облигацияларын сатып алу бойынша жауапкершілігін бекіту мақсатында ЕАДБ-мен 188,000,000 мың теңге сомасына №137 Жобаны бірлесіп іске асыру туралы келісімге қол қойылды. Осы келісім бойынша игеру жүргізілген жоқ.

«Мойнақ СЭС» АҚ

2023 жылы Мойнақ СЭС «Қазақстан даму банкі» АҚ-мен 2005 жылғы 14 желтоқсанда банктік қарыз шарты бойынша валюталық қарызды толық мерзімінен бұрын өтеді, ол бойынша мөлшерлеме - $1.15 \times \text{MLIBOR} + 1.15\%$ -ды құрады.

2008 жылғы 16 қаңтардағы банктік қарыз шарттары бойынша қарыздың баланстық құны 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 5,484,528 мың теңгені құрайды (2023 жылғы 31 желтоқсан: 6,865,628 мың теңге). Шарт бойынша мөлшерлемелер жылдық 10.72%, 12% және 7.55%, өтеу мерзімі 20 және 17 жыл.

Банктік қарыздар мынадай құралдармен қамтамасыз етілген:

- Самұрық-Энерго 2012 жылғы 13 желтоқсандағы 1,079,213 мың теңге сомасына және 2019 жылғы 28 қарашадағы 4,545,554 мың теңге сомаға кепілдігі
- Самұрық-Қазына 2011 жылғы 1 шілдедегі 12,285,000 мың теңге сомаға кепілдігі.

Екібастұз ГРЭС-1 ЖШС*«Қазақстан Халық банкі» АҚ*

2024 жыл ішінде кредиттік желі шеңберінде «Қазақстан Халық банкі» АҚ-дан жалпы сомасы 54,543,424 мың теңгеге транштар алынды (2023 жыл: 27,648,403 мың теңге), оның ішінде:

- 47,003,424 мың теңге сомасындағы күрделі жобалар (2023 жыл: 23,348,403 мың теңге). Оның ішінде 16.25% -17.75% ставкалары бойынша 2029 жылға дейінгі мерзімге «№1 энергоблокты қалпына келтіру» жобасы үшін 7,663,261 мың теңге сомасына; 14.79 ставка бойынша 2034 жылға дейінгі мерзімге «Отынның берілуін қайта жаңарту және жаңғырту» жобасы үшін 39,340,163 мың теңге сомасына%;
- айналым қаражатын толықтыру үшін - 7,540,000 мың теңге (2023 жыл: 4,300,000 мың теңге), олар 2024 жылдың бірінші тоқсанында мерзімінен бұрын өтелген.
- 2024 жылы ГРЭС-1 өтеуді жүзеге асырды:
- 4,271,957 мың теңге сомасына кестеге сәйкес 2029 жылғы 30 қарашаға дейінгі мерзімде «№1 Энергия блогын қалпына келтіру» жобасы үшін алынған Халық банкінің қарыздарының траншеяларын ішінара өтеу (ставкалары 12% -18.75%);
- облигацияларды ұқсас сомаға шығару жолымен қайта қаржыландыру мақсатында 2029 жылғы 30 қарашаға дейінгі мерзімге «№1 энергоблокты қалпына келтіру» жобасы үшін алынған (ставкалар 16.5% -18.75%) Халық банкінің қарыздарының траншеяларының бір бөлігін 34,736,552 мың теңге сомасына толық мерзімінен бұрын өтеу (25.09.2029 жылға дейінгі мерзіммен 16,25% ставкасы бойынша);

16 Қарыздар (жалғасы)

2024 жылғы шілдеде ГРЭС-1 «Қазақстан Халық банкі» АҚ-мен 2024 жылғы шілдеге дейін трансшеялар мерзімімен отын берудің өндірістік кешенін реконструкциялауға және жаңғыртуға байланысты шығыстарға қолданыстағы келісім шеңберінде 5 лимитін ашу туралы №33 қосымша келісім жасасты. Кредиттік желінің жалпы мерзімі 2024 жылғы 3 шілдеге дейін. Осы қосымша келісім шеңберінде жиынтық қарыз/EBITDA көрсеткіші 4-тен жоғары емес болған жағдайда дивидендтер төлеуді жүзеге асыру туралы ковенант қосылды.

2024 жылғы желтоқсанда ГРЭС – 1 қолжетімділік кезеңін өзгерту бойынша «Қазақстан Халық банкі» АҚ – мен қосымша келісім жасасты: 2025 жылғы 1 – 31 желтоқсан аралығында лимит бойынша, 2025 жылғы 4-31 қаңтар аралығында, 2027 жылғы 5-1 шілде аралығында лимит бойынша. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Қазақстан Халық банкі» АҚ қарыздары бойынша ГРЭС-1 берешегі 90,457,808 мың теңгені құрайды (2023 жылғы 31 желтоқсан: 82,248,998 мың теңге).

17 Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және өзге де кредиторлық берешек

Қазақстандық мың теңгемен	Ескертпе	31 желтоқсан 2024 ж.	31 желтоқсан 2023 ж.
ЕРС-келісімшарттар бойынша қаржылық міндеттемелер		41,876,154	-
Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек		37,855,999	32,111,766
Негізгі құралдарды сатып алу бойынша кредиторлық берешек		37,799,256	20,589,140
Дивиденділер бойынша қарыз		420,342	420,565
Өзге де қаржылық кредиторлық берешек		3,028,217	4,414,121
Қаржылық кредиторлық берешек жиыны		120,979,968	57,535,592
Алматы қ, әкімдігі алдындағы берешек	4	5,841,514	5,841,514
Жалақы бойынша берешек		4,192,983	3,138,316
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша аударылған резервтер		3,652,270	3,432,479
Сатып алушылар мен тапсырыс берушілерден алынған алдын ала төлемдер		2,261,103	1,860,470
Өзге де қаржылық емес кредиторлық берешек		1,929,274	1,715,272
Негізгі қызмет бойынша барлық кредиторлық берешек және өзге де кредиторлық берешек жиыны		138,857,112	73,523,643

ЕРС-келісімшарттар бойынша қаржылық міндеттемелерге «Қоршаған ортаға әсерін барынша азайта отырып, Алматы ЖЭО-2 жаңғырту» және «Алматы ЖЭО-3 нысанын реконструкциялау» инвестициялық жобалары бойынша ЕРС-келісімшарттар шеңберінде өндіріс процесінде орындалған жұмыстар, тиелген жабдықтар мен жабдықтар бойынша міндеттемелер жатады.

Негізгі құралдар бойынша жеткізушілер алдындағы кредиторлық берешектің негізгі сомасына «Қоршаған ортаға әсерді барынша азайта отырып, Алматы ЖЭО-2 жаңғырту» инвестициялық жобасы бойынша 13,076,116 мың теңге сомасына тиелген жабдық бойынша POWERCHINA SEPCO1 Electric Power Construction Co 70% мөлшерінде берешек кіреді.

Қаржылық кредиторлық берешек келесі валюталарда ұсынылған:

Қазақстандық мың теңгемен	31 желтоқсан 2024 ж.	31 желтоқсан 2023 ж.
Теңге	89,303,501	57,524,990
Еуро	30,677,467	10,602
Ресей рублі	409	-
Юань	998,591	-
Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және өзге де кредиторлық берешек жиынтығы	120,979,968	57,535,592

18 Салықтар және бюджетке төленетін басқа да төлемдер бойынша берешек

Қазақстандық мың теңгемен	Ескертпе	31 желтоқсан 2024 ж.	31 желтоқсан 2023 ж.
ҚҚС		3,254,312	3,768,169
Парниктік газдар шығарындыларына қосымша квота сатып алуға арналған резерв	26	1,214,581	2,788,136
Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем		1,756,884	1,942,780
Жеке табыс салығы		948,411	843,934
Әлеуметтік салық		731,298	667,137
Бейрезиденттерден алынатын төлем көздерінің КТС		14,163	55,456
Өзге		764,629	670,517
Барлық салықтар және бюджетке төленетін өзге төлемдер бойынша берешек		8,684,278	10,736,129

19 Түсім

Қазақстандық мың теңгемен	2024 ж.	2023 ж.
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім - ХҚЕС (IFRS) 15:		
Электр қуатын сату	449,343,899	361,130,570
Электр қуатының дайындығын қолдау қызметінен түсім	58,076,148	35,478,333
Жылу қуатын сату	33,992,515	23,285,275
Электр қуатын тасымалдау	5,974,740	11,683,393
Химиялық суды сату	2,079,711	1,844,241
Өзге	520,398	2,995,381
Барлығы	549,987,411	436,417,193
Жалға беруден кірістер - ХҚЕС (IFRS) 16:		
Инвестициялық меншікті жалға беруден кіріс	16,520,037	21,835,269
ЖОЖҚ электр станцияларын жалға беруден түскен кіріс	6,982,393	6,470,409
Барлығы	23,502,430	28,305,678
Барлық түсім	573,489,841	464,722,871

Сатып алушылармен жасалған келісім-шарттардан түскен барлық кіріс уақыт бойынша танылады.

2023 жылғы 1 шілдеден бастап электр энергиясын бірыңғай сатып алушыны және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығын (бұдан әрі – «ЭЭТН») нақты уақыт режимінде енгізе отырып, электр энергиясының көтерме сауда нарығының жұмыс тетігін көздейтін электр энергиясын өткізу нарығының жаңа нысаналы моделіне көшу жүзеге асырылды. Модель шеңберінде энергия өндіруші ұйымдар өндірген барлық электр энергиясы электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға – «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС-ға сатылады, ол өз қызметі барысында 2024 жылғы 1 шілдеден бастап «КОРЭМ» АҚ орталықтандырылған сауда-саттықтың электрондық алаңында орталықтандырылған сауда-саттық өткізу арқылы электр энергиясын электр станцияларынан бір тәулік бұрын жоспарлы сатып алуды күн сайын жүзеге асырады. Теңгерімдеуші электр энергиясын тарату (сату) және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу ЭЭТН - де тек есеп айырысу орталығы – «КОРЭМ» АҚ-да жүзеге асырылады. ЭЭТН бағаларын есептеу орталығы Энергетика министрлігі белгілеген тәртіппен есептейді. Теңгерімдеуші электр энергиясын сатудан түскен түсім электр энергиясын сатудан түскен түсімге енгізілген. Теріс теңгерімсіздіктерді сатып алудың өзіндік құны сатып алынған электр энергиясының құнына қосылады.

2024 және 2023 жылдар ішінде Самұрық-Қазынаның жалпы бақылауындағы компанияларға жылу-электр энергиясын өндіру сегментіне жататын кірістің жалпы сомасының 10%-дан астамы сатылды (6-Ескертпе).

Инвестициялық меншікті жалға беруден түскен табыс Бұқтырма СЭС Мүліктік кешенін жалға беруден түскен табысты білдіреді. 2023 жылдың 26 желтоқсанында Топ қосымша келісімге қол қойды Мүліктік кешенді жалдау шартының қолданылу мерзімін 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін ұзартқан «Қазмырыш» ЖШС-мен қосымша келісімге қол қойды.

20 Сатудың өзіндік құны

Қазақстандық мың теңгемен	2024 ж.	2023 ж.
Отын	105,269,337	91,379,417
Еңбекақы мен онымен байланысты шығындарды төлеу	69,099,177	55,516,448
Негізгі құралдардың тозуы және материалдық емес активтердің амортизациясы	58,019,529	65,077,927
Сатып алынған электр қуатының бағасы	46,365,785	57,917,265
Электр қуатын тасымалдау қызметтері мен басқа қызметтер	20,306,862	16,922,260
Электр қуатының дайындығын қолдау	15,644,033	8,848,167
Жөндеу және күтіп ұстау	12,979,153	12,442,562
Бөгде ұйымдар қызметтері	11,718,949	4,489,980
Сумен қамтамасыз ету	10,463,768	7,581,742
Табыс салығынан басқа салықтар	10,379,183	9,511,988
Материалдар	4,334,980	2,920,873
Күзет қызметтері	2,729,122	2,340,364
Ликвидті емес тауар-материалдық қорлар бойынша резервтерді есептеу	318,089	458,572
Өзгесі	4,016,662	4,995,672
Барлық сатудың өзіндік құны	371,644,629	340,403,237

21 Өткізу шығындары

Қазақстандық мың теңгемен	2024 ж.	2023 ж.
Диспетчерлеу және электр энергиясын бақылау	8,786,175	8,863,414
Еңбекақы мен онымен байланысты шығындарды төлеу	50,307	54,096
Электр энергиясын жеткізу	-	5,309
Өзгесі	8,866	8,185
Барлық өткізу шығындары	8,845,348	8,931,004

22 Жалпы және әкімшілік шығындар

Қазақстандық мың теңгемен	2024 ж.	2023 ж.
Еңбекақы мен онымен байланысты шығындарды төлеу	12,382,621	9,575,259
Консультациялық және басқа кәсіби қызметтер	1,338,365	748,279
Негізгі құралдардың тозуы және материалдық емес активтердің амортизациясы	1,077,983	1,012,861
Бағдарламалық жасақтаманы қамтамасыз ету	908,230	603,919
Қайырымдылық	823,878	-
Іссапар және өкілдік шығындар	486,082	263,463
Материалдар	338,061	207,054
Табыс салығынан басқа салықтар	190,457	(601,193)
Күзет қызметі	184,126	196,077
Мемлекеттік баж салықтары	(727,902)	(158,765)
Өзгесі	3,011,438	2,503,068
Барлық жалпы және әкімшілік шығындар	20,013,339	14,350,022

Мемлекеттік баждарға Жоғарғы соттың қаулысына сәйкес 890,683 мың теңге сомасында резервті қалпына келтіру кіреді (2023 жыл: 497,054 мың теңге) (26-ескертпе).

23 Қаржылық табыстар

Қазақстандық мың теңгемен	2024 ж.	2023 ж.
Банк депозиттері бойынша пайыздық табыстар	7,343,897	4,431,596
Облигациялар және қарыздар бойынша дисконт амортизациясынан табыстар	1,396,511	1,271,722
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек бойынша дисконт амортизациясынан табыстар	41,372	427,241
Алынған несиелерді бастапқы тану кезіндегі кірістер	-	1,089,771
Басқалар	807,278	67,862
Барлық қаржылық табыстар	9,589,058	7,288,192

24 Қаржылық шығындар

Қазақстандық мың теңгемен	Ескерпте	2024 ж.	2023 ж.
<i>Облигациялар және қарыздар бойынша қаржылық шығындар:</i>			
- сыйлықақы шығындары	16	18,971,530	14,476,424
- келтірілген бағаның дисконтын алып тастау	16	8,097,240	7,537,275
<i>Дисконтталған құнның амортизациясы</i>			
- активтерді жоюға арналған резерві	15	2,733,456	2,331,999
- қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		237,724	205,792
Басқалары		1,282,375	703,073
Табыста немесе шығында танылған барлық қаржылық шығындар		31,322,325	25,254,563
Кредиттер мен қарыздар бойынша капиталдандырылған шығындар	7	12,767,766	11,169,836
Барлық қаржылық шығындар		44,090,091	36,424,399

25 Табыс салығы

Қазақстандық мың теңгемен	2024 ж.	2023 ж.
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығындар	28,085,556	25,607,373
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша үнемдеу	6,469,539	(2,834,024)
Табыс салығы бойынша барлық шығындар	34,555,095	22,773,349

Төменде салық бойынша шығынның теориялық және факт түріндегі шығынның салыстыруы көрсетілген:

Қазақстандық мың теңгемен	2024 ж.	2023 ж.
Салық салынғанға дейінгі пайда	147,523,908	80,157,782
Қолданыстағы орташа мөлшерлеме 20% бойынша табыс салығына байланысты теориялық шығын (2023 ж: 20%)	29,504,782	16,031,556
Түзетулер төменде:		
Бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындардың залалындағы/(пайдасындағы) табыс салығы салынбайтын үлесі	1,171,182	(624,280)
Алдыңғы кезеңдерге түзетулер, оның ішінде салықтық шығын бойынша талап қою мерзімінің өтуі	148,538	1,407,979
Салық салынбайтын өзге шығыстар	1,050,268	6,113,337
Төлем көзінен алынатын салық	78,180	154,500
Кейінге шегерілген табыс салығы бойынша танылмаған активтердегі өзгерістер	2,602,145	(309,743)
Табыс салығы бойынша барлық шығындар	34,555,095	22,773,349

25 Табыс салығы (жалғасы)

Қаржылық есептілік стандарттары ХҚЕС пен ҚР салық заңнамасы арасындағы айырмашылықтар бухгалтерлік есеп пен олардың салық базасындағы активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік бағасы арасындағы уақыт айырмашылықтарының қалыптасуына әкеледі. Уақыт айырмашылықтары өзгерістерінің салықтық ықпалы төменде салық мөлшерлемелеріне сәйкес көрсетілген, олар уақыт айырмашылықтарын қалпына келтіру кезеңінде қолданылмақ.

Қазақстандық мың теңгемен	1 қаңтар 2024 ж.	Табыстар мен шығындар шотына жатқызылды	31 желтоқсан 2024 ж.
Алынып тасталатын уақыт айырмашылықтарының салық әсері			
Кейінге қалдырылған салық шығындары	9,071,477	(394,641)	8,676,836
Қызметкерлерге сыйақы беру бойынша міндеттемелер	210,094	(210,094)	-
Облигациялар	190,663	(190,663)	-
Күл үйінділерін жою резерві	4,729,396	(1,407,685)	3,321,711
Тауар-материалдық қорлар	452,339	2,452,399	2,904,738
Негізгі қызмет бойынша дебиторлық қарыз және басқа дебиторлық	714,628	(571,072)	143,556
Табыс салығынан басқа салықтар	159,740	4,464	164,204
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резерв	783,679	(134,906)	648,773
Өзгесі	250,177	1,424,163	1,674,340
Кейінге шегерілген табыс салығы бойынша жалпы активтер	16,562,193	971,965	17,534,158
Кейінге шегерілген табыс салығы бойынша танылмаған активтер	(440,434)	(2,602,145)	(3,042,579)
Кейінге шегерілген табыс салығы бойынша міндеттемелері бар есебі алып тастау	16,121,759	(1,630,180)	14,491,579
Кейінге шегерілген табыс салығы бойынша расталған активтер	-	-	-
Салық салынылатын уақыт айырмашылықтарының салық әсері			
Негізгі құралдар*	(77,063,359)	(6,899,373)	(83,962,732)
Қарыздар	(8,302,543)	2,060,014	(6,242,529)
Кейінге шегерілген табыс салығы бойынша жалпы міндеттемелер	(85,365,902)	(4,839,359)	(90,205,261)
Кейінге шегерілген табыс салығы бойынша активтері бар есебі алып тастау	16,121,759	(1,630,180)	14,491,579
Кейінге шегерілген табыс салығы бойынша танылған міндеттемелер	(69,244,143)	(6,469,539)	(75,713,682)

25 Табыс салығы (жалғасы)

Қазақстандық мың теңгемен	1 қаңтар 2023 ж.	Табыстар мен шығындар шотына жатқызылды	31 желтоқсан 2023 ж.
Алынып тасталатын уақыт айырмашылықтарының салық әсері			
Кейінге қалдырылған салық шығындары	8,411,234	660,243	9,071,477
Қызметкерлерге сыйақы беру бойынша міндеттемелер	204,315	5,779	210,094
Облигациялар	889,751	(699,088)	190,663
Күл үйінділерін жою резерві	4,888,637	(159,241)	4,729,396
Тауар-материалдық қорлар	1,328	451,011	452,339
Негізгі қызмет бойынша дебиторлық қарыз және басқа дебиторлық	1,122,088	(407,460)	714,628
Табыс салығынан басқа салықтар	115,461	44,279	159,740
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резерв	475,641	308,038	783,679
Өзгесі	2,397,575	(2,147,398)	250,177
Кейінге шегерілген табыс салығы бойынша жалпы активтер	18,506,030	(1,943,837)	16,562,193
Кейінге шегерілген табыс салығы бойынша танылмаған активтер	(750,177)	309,743	(440,434)
Кейінге шегерілген табыс салығы бойынша міндеттемелері бар есебі алып тастау	17,755,853	(1,634,094)	16,121,759
Кейінге шегерілген табыс салығы бойынша расталған активтер	-	-	-
Салық салынатын уақыт айырмашылықтарының салық әсері			
Негізгі құралдар*	(79,846,466)	2,783,107	(77,063,359)
Қарыздар	(9,987,554)	1,685,011	(8,302,543)
Кейінге шегерілген табыс салығы бойынша жалпы міндеттемелер	(89,834,020)	4,468,118	(85,365,902)
Кейінге шегерілген табыс салығы бойынша активтері бар есебі алып тастау	17,755,853	(1,634,094)	16,121,759
Кейінге шегерілген табыс салығы бойынша танылған міндеттемелер	(72,078,167)	2,834,024	(69,244,143)

Топтың ағымдағы құрылымы шеңберінде Топтың түрлі компанияларының салық шығындары мен ағымдағы салық активтері Топтың басқа компанияларының ағымдағы салық міндеттемелері мен салық табыстарымен есептелмейді, және сәйкесінше салықтар шоғырландырылған салық шығыны болғанда да есептелуі мүмкін. Сондықтан, кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер есептеледі, тек олар бір салық салынатын компанияға тиесілі болуы тиіс.

Топтың алдағы кезеңдерге ауыстырылған пайдаланылмаған салық шығындарына қатысты кейінге қалдырылған салық активтері бар. Осы салық шығындарын пайдалану мерзімі 2025-2027 жылдары аяқталады (2023 жылғы 31 желтоқсанда: 2024-2033 жылдар).

Топтың бірлескен кәсіпорындарға инвестициялармен байланысты уақытша айырмаларға қатысты 2024 жылы кейінге қалдырылған салық міндеттемелері болған жоқ (2023 жыл: кейінге қалдырылған салық міндеттемелері болған жоқ), өйткені топтың осы уақытша айырмалардың өзгеру мерзімдерін бақылау мүмкіндігі бар және оларды таяу болашақта қайта қарауды жоспарламайды.

26 Шартты және келісімшартты міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер

Операциялық орта

2022 жылдың 24 ақпанында Ресей Украинаға әскери басып кіруді бастады. Оған АҚШ, Еуропалық Одақ және басқа да бірқатар мемлекеттер Ресейге қарсы кең ауқымды санкциялар енгізді, соның ішінде Ресей банктеріне Swift жүйесін қолдануға тыйым салынды. Ресей Қазақстанның ірі сауда серіктесі болып табылады. Ресей сонымен қатар мұнайдың 80%-ына дейін экспортқа тасымалданатын Каспий құбыр консорциумы (КҚК) арқылы негізгі сауда транзиті болып табылады. КҚК арқылы экспорттың шоғырлануы оның баға артықшылықтарын ескере отырып, Орта мерзімді перспективада жоғары болып қалады деп күтілуде. Қазақстан маршруттарды әртараптандыруға күш салуда, атап айтқанда Каспий теңізі арқылы Бакуге және КҚК бойынша емес Германияға экспорттың басталуымен, алайда бұл тасымалдар КҚК жылдық көлемінің шамамен 2% -құрайды.

2024 жылғы қарашада Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі тұрақты болжаммен «BBB» деңгейінде Қазақстанның шетел валютасындағы эмитент дефолтының (РДЭ) ұзақ мерзімді рейтингін растады. Fitch мәліметтері бойынша, Қазақстанның «BBB» РДЭ өте үлкен сыртқы буфермен, "BBB" рейтингтік санатындағы егеменді таза шетелдік активтердің (SNFA) үшінші ең жоғары позициясы негізінде қолдау табады, бұл сондай-ақ мұнайдан жинақталған кірісті үнемдеумен қамтамасыз етілген қаржыландырудың икемділігін қамтамасыз етеді. Бұл факторларға шикізатқа өте жоғары тәуелділік, экспорттың шоғырлану қаупі, «BBB» рейтингі бар елдермен салыстырғанда ішінара аз дамыған макроэкономикалық саясат құрылымын көрсететін жоғары инфляция және басқарудың әлсіз көрсеткіштері қарсы тұрады.

Қазақстан экспорттың жартысынан астамын құрайтын шикі мұнай мен мұнай конденсаттарына өте тәуелді болып қалады деп күтілуде. Бұдан басқа, қазақстандық шикі мұнайдың 80% - ға жуығы Ресей арқылы Каспий құбыр консорциумы (КҚК) арқылы экспортталады, бұл геосаяси тәуекелді тудырады. Жақында маршруттарды әртараптандыруға қарамастан, шығындар бойынша артықшылықтарды ескере отырып, үлес жоғары болып қалу болжамы бар.

Жалпы, Қазақстан Республикасының экономикасы дамушы нарықтарға тән кейбір сипаттамалық ерекшеліктерді көрсетуді жалғастыруда. Бұл ерекшеліктерге сонымен қатар елден тыс жерде еркін айырбасталмайтын ұлттық валюта және бағалы қағаздар нарығының өтімділігінің төмен деңгейі кіреді, бірақ олармен шектелмейді.

Осы есептің күндегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 499.74 теңгемен салыстырғанда 1 АҚШ доллары үшін 523.54 теңгені құрады (2023 жылғы 31 желтоқсан: 1 АҚШ доллары үшін 454.56 теңге).

Инфляция деңгейі 2024 жылы салыстырмалы түрде тұрақты болды және 2024 жылдың желтоқсанында 8.6% құрады, ал 2023 жылдың желтоқсанында 9.8% болды. 2024 жылы экономиканың өсуі 2023 жылғы 5.1% - бен салыстырғанда 3.8% - ға дейін баяулады. Сарапшылар ЖІӨ өсімі 2025 жылы 5% - ға дейін өседі деп болжайды.

Экономикалық орта Топтың қызметі мен қаржылық жағдайына айтарлықтай әсер етеді. Басшылық Топтың тұрақты қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қабылдайды. Алайда, қалыптасқан экономикалық жағдайдың болашақ салдарын болжау қиын, ал басшылықтың ағымдағы үміттері мен бағалаулары нақты нәтижелерден өзгеше болуы мүмкін.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасындағы электр энергетикасы секторы Қазақстан Республикасындағы саяси, заңнамалық, салықтық және реттеушілік өзгерістердің ықпалына ұшыраған күйде қала береді. Қазақстан Республикасының экономикалық тұрақтылығының перспективалары едәуір дәрежеде Үкімет қолданатын экономикалық шаралардың тиімділігіне, сондай-ақ құқықтық, бақылау және саяси жүйелердің дамуына, яғни Топтың бақылау аясынан тыс болатын жағдайларына байланысты болады.

Топ басшылығы экономикалық және саяси жағдайдағы ағымдағы өзгерістерді бақылайды және жақын болашақта Топтың тұрақтылығы мен бизнесін дамыту үшін қажет деп санайтын шараларды қабылдайды.

26 Шартты және келісімшартты міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер (жалғасы)

Күтілетін несиелік шығындарды бағалау үшін Топ макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамдарын қоса, расталатын болжамды ақпаратты пайдаланады. Алайда кез келген экономикалық болжамдар сияқты, болжамдар мен оларды жүзеге асыру ықтималдығы сөзсіз жоғары белгісіздік деңгейімен байланысты, сондықтан нақты нәтижелер болжанғаннан айтарлықтай өзгеше болуы мүмкін.

Компанияның болашақ кредиттік шығындарын бағалау үшін Топ макроэкономикалық көрсеткіштер болжамымен қоса расталатын болжамды ақпаратты пайдаланады. Дегенмен, кез келген өзге де экономикалық болжамдар секілді олардың орындалу ықтималдылығы жоғары деңгейдегі белгісіздікке келіп тіреледі, сондықтан да нақты нәтижелер болжамдық нәтижелерден едәуір өзгеше болуы мүмкін.

Салық заңнамасы

Қазақстан заңнамалары мен салық салу тәжірибесі үздіксіз даму үстінде, сондықтан оны әр түрлі түсіндіруге болады және кері күші болуы мүмкін жекелеген өзгерістерге ұшырайды. Кейбір жағдайларда, салық салынатын базаны анықтау мақсатында салық заңнамасы ҚХЕС бухгалтерлік есеп стандарттарының ережелеріне сүйенеді, мұнда Қазақстанның салық органдарының ҚХЕС бухгалтерлік есеп стандарттарының тиісті ережелерін түсіндіруі басшылықтың осы қаржылық есептілікті дайындаған кезде қолданған есепке алу саясатынан, пайымдаулары мен бағаларынан ерекшеленуі мүмкін. Ол Топтың қосымша салық міндеттемелерінің туындауына алып келуі мүмкін. Салық органдары салық жылы аяқталғаннан кейін бес жыл ішінде ретроспективті тексеру жүргізе алады.

2020 жылғы шілдеден бастап Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (бұдан әрі – МКК) көлденең мониторингті енгізу жөніндегі пилоттық жобаны іске қосты, ол 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін жалғасады. Мәселен, 2021-2022 жылдары МКК көлденең мониторинг бойынша пилоттық жоба шеңберінде ЭГРЭС-1 және Самұрық-Энерго (корпоративтік орталық) бойынша бес жылдық кезеңдегі тарихи деректерді зерделеу жүргізілді, оның қорытындысы бойынша салықтық тексерулер жүргізілді, салықтық тексерудің нәтижелері туралы хабарламалар қойылды. Анықталған негізгі бұзушылықтар қарыздар бойынша сыйақылар бойынша заңсыз шегерімдерді, сондай-ақ төлем көзінен КТС-ны төмендетуді қамтиды. Топ өзінің келіспеушілігін білдіріп, соттарға және ҚР Қаржы министрлігінің Апелляциялық комиссиясына талап-шағымдар мен шағымдар берді. 2023 жылғы желтоқсанда ҚР Қаржы министрлігінің Апелляциялық комиссиясы Корпоративтік орталық бойынша Топтың пайдасына шешім шығарды, 2024 жылғы 14 тамызда Жоғарғы Сот «№1 энергия блогын қалпына келтіру» жобасына және 1-МАЭС пайдасына дивидендтер төлеу жөніндегі міндеттемелерді өтеуге, салық органының пайдасына облигацияларды сатып алуға бағытталған қарыз бойынша сыйақыларды шегеруге қатысты шешім шығарды. Нәтижесінде, 1-МАЭС бұрын есептелген резерв есебінен 502 миллион теңге көлемінде айыппұл мен өсімпұл төледі.

Топ басшылығы тиісті заңнамалардың түсіндіру қолайлы және Топтың салықтық ұстанымы негізді деп санайды. Басшылықтың пікірінше, Топ осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте қалыптастырылған резервтен асатын ағымдағы және әлеуетті салықтық тәуекелдер бойынша маңызды зиян шекпейді (22-ескертпе).

Бас прокуратураның тексеруі

Прокуратура квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерін сатып алу туралы заңнаманың сақталуына, салықтарға, 2024 жылы ЕГРЭС-1-де және 2023 жылы СЕГРЭС-2-де қаражатты жұмсау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың заңдылығына тексеру жүргізді. Тексеру қорытындысы бойынша тексеру нәтижелері туралы анықтама шығарылды. Анықтамада көрсетілген тұжырымдармен келіспеушілікке байланысты топ Бас прокуратураға дәлелді қарсылық пен Анықтамаға ескерту жіберді. Заң бұзушылықтарды жою туралы ұсынысқа жауап ретінде, қарсылықтар мен ескертулерді ескере отырып, Топ Бас прокуратураның заң бұзушылықтарды жою туралы ұсынысын орындау бойынша іс-шаралар жоспарын әзірледі. Аталған іс-шаралар жоспары Бас прокуратураға жіберілді. Топ басшылығы оның тиісті заңнаманы түсіндіруі қолайлы және топтың құқықтық ұстанымы негізделген деп санайды. Басшылықтың пікірінше, Компания прокуратураны тексеру нәтижелері бойынша шығынға ұшырамайды, сондықтан резервтер құру қажеттілігі жоқ деп есептейді.

Сақтандыру

ҚР сақтандыру нарығы енді ғана дамуда және басқа елдерде кең тараған көптеген сақтандыру түрлері Қазақстанда жоқ. Топ өзінің өндірістік ғимараттары, үшінші тұлғалар алдында қызметтің немесе міндеттемелердің тоқтауынан шығындарға батуы, Топ апаттар немесе операциялар салдарынан жылжымайтын мүлік немесе қоршаған ортаға келетін зардаптан толық сақтандырылмаған. Топтың толық сақтандыруы жоқ, тек жеке активтердің жоғалуы немесе бүлінуі Топ қызметі мен қаржылық жағдайына біршама кері әсерін тигізеді деген қауіп бар.

26 Шартты және келісімшартты міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер (жалғасы)***Қоршаған ортаны қорғау мәселелері***

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында табиғат қорғау заңнамасы қатаңдатылуда және оның сақталуын қамтамасыз етуге қатысты қазақстандық мемлекеттік органдардың ұстанымын қайта қарау жалғасуда. 2021 жылы Қазақстан Республикасында жеке және заңды тұлғалардың қоршаған ортаға әсер ететін немесе әсер етуге қабілетті қызметті жүзеге асыруына байланысты туындайтын адам мен табиғаттың өзара іс-қимылы (экологиялық қатынастар) саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін жаңа экологиялық кодекс күшіне енді. Қоршаған ортаны ластағаны үшін өнеркәсіптік кәсіпорындардың жауапкершілігін арттырумен қатар, экологиялық кодекс қалдықтарды басқару иерархиясын енгізуді де қарастырады және қызмет салдарын жою бойынша талаптарды белгілейді.

Осы Кодекстің ережелері 2025 жылдан бастап қоршаған ортаға ластаушы заттардың жиынтық шығарындылары бойынша неғұрлым ірі I санаттағы елу объект (бұдан әрі – «Топ – 50») үшін кешенді экологиялық рұқсаттарды (бұдан әрі – «КЭР») алууды міндеттейді, оның негізі өндірісте Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті беретін үздік қолжетімді техникаларды (бұдан әрі – «ҮҚТ») қолдана отырып, үздік қолжетімді техниканы өндіріске енгізу болып табылады.

ТОП-50 тізбесіне «Самұрық-Энерго» АҚ-ның «ЕМАЭС-1» ЖШС, «ЕМАЭС-2 станциясы» АҚ, «АлЭС» АҚ (ЖЭО-2, ЖЭО-3) төрт нысаны кірді.

Энергия өндіруші ұйымдар (бұдан әрі – ЭӨҰ) үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 23 қаңтардағы қаулысымен бекітілген «Энергия өндіру мақсатында ірі қондырғыларда отын жағу» үздік қолжетімді техникалар бойынша анықтамалық (бұдан әрі – «ҮҚТА») әзірленді. Кешенді экологиялық Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 11 наурыздағы қаулысымен бекітілген ҮҚТ-ға қорытынды болып табылады.

Қазіргі уақытта Топ басшылығы ҮҚТ енгізудің болашақ операциялық және күрделі шығындардың құнына әсерін бағалайды, өйткені шекті тариф арқылы ҮҚТ-ны енгізуге инвестицияларды қайтару электр энергиясына шекті

Сонымен қатар, «Қоршаған ортаға ластаушы заттардың жиынтық шығарындылары бойынша 2021 жылғы 1 қаңтарға аса ірі I санаттағы елу объектінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 27 желтоқсандағы № 1131 қаулысына 2025 жылдан бастап 2031 жылға дейін ЭПО үшін ҚДТ енгізу мерзімдерін ауыстыру бөлігінде өзгерістер енгізілді, бұл 2031 жылдан бастап ЭПО-ға ҚДТ енгізу жөніндегі іс-шараларды іске асыруды бастау шарттары.

Топтың белгілі бір кәсіпорындарына қолданылатын Экологиялық кодекстің басқа ережелеріне шығарындыларды бақылаудың автоматтандырылған жүйелерін орнату және қалдықтарды басқару әдістері кіреді. Толық бағалау жүргізілгенге дейін Қазақстанның жаңа экологиялық кодексінің жаңа талаптарының қаржылық салдарын бағалау мүмкін емес, бірақ қалдықтарды басқару және тиісті мониторинг процестерін әзірлеу үшін қажетті қосымша инвестициялар түрінде немесе қалдықтарды өндіру үшін төлемді арттыру түрінде экологиялық талаптарды сақтау құнының өсуі күтілуде.

Экологиялық кодекстің жаңадан енгізілген нормаларына сәйкес кәсіпорындарда қоршаған ортаға теріс әсер ететін объектілерді пайдалану салдарын жою бойынша міндеттемелер бар, бірақ салдарларды жою жөніндегі талаптар объектілердің сипатына, қоршаған ортаға әсер ету дәрежесіне және кәсіпорындар қызметінің саласына байланысты айқындалатын өндірістік кәсіпорындар мен құрылыс объектілерінің санатына байланысты болады. 2022 жылы Топ өз объектілерін пайдалану салдарын жоюға қатысты қосымша міндеттемелерді мойындады (4, 15-Ескертпе).

Экологиялық кодекстің қолданыстағы редакциясы жұмыс істеп тұрған кезде Топтың 2094 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімде I санаттағы объектілердің салдарын жою үшін қаржылық қамтамасыз етуді ұсыну жөніндегі міндеттемесі болады. Қаржылық қамтамасыз ету: кепілдік; банктік салым кепілі; мүлік кепілі; сақтандыру түрінде беріледі. Қаржылық қамтамасыз ету жоғарыда аталған қаржылық қамтамасыз етудің бірнеше түрінің бірінде немесе банктік салым кепілі түріндегі қаржылық қамтамасыз ету үлесі мыналарды құрауы тиіс болған жағдайда I санаттағы объект операторының таңдауы бойынша олардың үйлесімінде ұсынылады:

- 1) объект пайдалануға берілген күннен бастап он жыл өткен соң (2026 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жұмыс істеп тұрған объектілер үшін 2036 жылға дейін) - қаржылық қамтамасыз етудің жалпы сомасының кемінде елу пайызы;
- 2) 2026 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жұмыс істеп тұрған объектілер үшін объект пайдалануға берілген күннен бастап жиырма жыл өткеннен кейін 2046 жылға дейін - қаржылық қамтамасыз етудің жалпы сомасының жүз пайызы. I санаттағы объектінің операторы осындай объектіні пайдалану салдарын жою жөніндегі өзінің барлық міндеттемелері толық орындалғанға дейін қаржылық қамтамасыз етудің болуын үздіксіз қамтамасыз етуге міндетті.

26 Шартты және келісімшартты міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер (жалғасы)

Қаржылық қамтамасыз ету мөлшері I санаттағы объектіні пайдалану салдарын жою жөніндегі жұмыстардың есептік құнын негізге ала отырып, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен әдістемеге сәйкес айқындалады және әрбір жеті жыл сайын қайта есептеуге жатады.

1-санаттағы объектілердің салдарын жою үшін қаржылық қамтамасыз етуді ұсыну мерзімін ауыстыруды ескере отырып, Топ қаржылық қамтамасыз етудің ықтимал нұсқаларын талдау және қаржылық қамтамасыз етуге қатысты нормативтік талаптардың өзгеруіне мониторинг жүргізу бойынша жұмысты жалғастырады.

Топ қоршаған ортаны қорғауға байланысты міндеттемелеріне кем дегенде жыл сайын мерзімді бағалау жүргізеді. Міндеттемелердің анықталуына қарай олар дереу қаржылық есептілікте көрсетіледі. Қолданыстағы заңнамалар мен нормативтік актілердің өзгеруі нәтижесінде, сондай-ақ сот практикасы нәтижесінде туындауы мүмкін елеуетті міндеттемелерді жеткілікті сенімділікпен бағалау мүмкін емес, бірақ олар айтарлықтай болуы мүмкін. Топ басшылығы қолданыстағы табиғат қорғау заңнамасының сақталуын бақылаудың қолданыстағы жүйесі жағдайында осы қаржылық есептілікте танылғандарды немесе ашылғандарды қоспағанда, қоршаған ортаға залал келтіруге байланысты туындайтын елеулі міндеттемелер жоқ деп есептейді.

Табиғатты қорғау заңнамасына сәйкес Топтың парниктік газдар шығарындыларына қосымша квоталар сатып алу бойынша заңды міндеттемелері бар. Топ үшін электр энергиясын жоспарлы өндіруге және өнім бірлігіне парниктік газдар шығарындыларының үлес коэффициентіне байланысты 2025 жылға дейінгі көміртегі квоталарының көлемі белгіленген. Электр энергиясын өндіру көлемінің ұлғаюына байланысты ЭГРЭС-1 және ГРЭС-2-де 2024 жылы парниктік газдар шығарындыларына квота тапшылығы күтілуде.

Қазіргі уақытта топ 2024 жылға арналған парниктік газдар шығарындыларын түгендеу және тексеру жұмыстарын жүргізуде. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес парниктік газдар шығарындыларына қосымша көміртегі квоталарын алуға өтініш беру 2025 жылғы 15 сәуірден кейін күтіледі.

Күл үйінділерін қалпына келтіру резерві

Топ табиғатты қорғау заңнамасына сәйкес, Топтың операциялық қызметінің қалдықтарын орналастыру полигондарын білдіретін күл жинақтауыш учаскелерін қалпына келтіру бойынша заңдық міндеттеме бар. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, күл жинақтауыштарды қалпына келтіру резервінің теңгерімдік бағасы 3,739,349 мың теңгені (31 желтоқсан 2023 ж.: 3,143,439 мың теңге) құрады. Күл жинақтауыштарды қалпына келтіру резервінің бағалауы Топтың ҚР қолданыстағы табиғатты қорғау заңнамасын түсіндіруіне негізделген. Және ол рекультивация бойынша жұмыстарды қалпына келтіру және өткізудің ағымдағы нормалары мен қалпына келтіру әдістеріне сәйкес, техникалық-экономикалық негіздемемен және инженерлік зерттеулермен қамтылған. Аталмыш бағалау келесі табиғатты қорғау саласын зерттеу жұмыстарын аяқтау және рекультивация мен қалпына келтіру бойынша бағдарламаларды қайта қарастыру кезінде өзгеруі мүмкін.

Экология, әлеуметтік және корпоративтік басқару (ESG) мәселелерінің әсері-климаттың өзгеруін және онымен байланысты тәуекелдерді есепке алу

Топ климаттың өзгеруі бойынша әлемдік қауымдастықтың алаңдаушылығымен ынтымақтасады және парниктік газдар шығарындыларын азайту, энергия тиімділігін арттыру, жаңартылатын энергия көздеріне көшу және көміртегі отынынан бас тарту бойынша жаһандық күш-жігерді қолдайды. Топтың бас компаниясы Самұрық-Қазына стратегиялық мақсаты 2021 жылмен салыстырғанда 2032 жылға қарай көміртегі ізін 10%-ға қысқарту болып табылады және 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізуге ұмтылады. Жалпы, көміртегі бейтараптығы парниктік газдар шығарындыларын жоққа шығармайды-азайту мүмкін емес шығарындылар көлемін өтеу қажет.

Климаттың өзгеруіне байланысты анықталған тәуекелдерге қатысты Топ олардың активтер мен міндеттемелерін тануға/тоқтатуға, осындай активтер мен міндеттемелерді бағалауға және шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпаратты ашуға әсерін бағалайды. Төменде келтірілген аймақтар негізінен климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдерге ұшырайды:

- a) Топ қолданыстағы шаң-көмір жабдықтарын заманауи экологиялық таза бу-газ энергоблоктарымен ауыстыру мақсатында Алматы ЖЭО-2 және ЖЭО-3-те жаңа бу-газ қондырғыларын салу жөніндегі жобаларға бастамашылық жасады; және
- b) Топ Экологиялық кодекске сәйкес жаңадан енгізілген нормативтік талаптарға байланысты пайдалану объектілерін жоюға және экологиялық зиянды қалпына келтіруге арналған резервтерді бағалап, мойындады (4, 15-ескертпе).

26 Шартты және келісімшартты міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер (жалғасы)

Климаттың өзгеруіне байланысты анықталған тәуекелдерге қатысты Топ олардың активтері мен міндеттемелерін тануға/тоқтатуға, осындай активтер мен міндеттемелерді бағалауға және шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпаратты ашуға әсерін бағалады.

Total Ceraп-мен бірлесіп жел электр станциясын салу жобасы

2023 жылғы 1 қарашада Total Open (бұдан әрі – «Өзірлеуші», Самұрық-Қазына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – «Өзірлеушілер») арасында Жамбыл облысында қуаты 1 ГВт жел электр станциясын (ЖЭС) салу жобасы бойынша Total Open-мен бірлескен кәсіпорын туралы энергияны жинақтау жүйесімен (бұдан әрі – «Жоба») келісім жасалды).

2024 жылғы 19 желтоқсанда Топ, Самұрық-Қазына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және «KMG GREEN ENERGY» ЖШС арасындағы бірлескен кәсіпорын туралы келісім бойынша құқықтарды, міндеттер мен міндеттемелерді жаңарту туралы келісімге қол қойылды. Осы Келісімге сәйкес Самұрық-Қазына Топқа жаңашылдық әдіс-тәсілдер негізінде және бірлескен кәсіпорын туралы келісім бойынша өзінің барлық құқықтарын, міндеттемелері мен міндеттерін береді.

Самұрық-Қазына, Самұрық-Энерго және Total Eren S. A. арасындағы 2024 жылғы 19 желтоқсандағы кепілдік шарты шеңберінде Самұрық-Қазына Total Eren S. A. алдында осы жоба бойынша төлемдер мен басқа да қаржылық міндеттемелерді қоса алғанда, Самұрық-Энергоның өз міндеттемелерін уақтылы орындауына кепілдік береді. Сонымен бірге топ Самұрық-Қазына пайдасына жобаны іске асыру шеңберінде туындаған барлық және кез келген шығыстарды өтеу бойынша корпоративтік кепілдік береді.

Осы келісімдерге сәйкес Компания 20% қатысу үлесін сатып алуы немесе Директорлар кеңесі мен акционерлер мақұлдаған жағдайда компаниядағы қатысу үлесіне қол қоюы тиіс, бұл мәміле аяқталғанға дейін жобаны өзірлеу кезінде өзірлеуші шеккен және Келісімнің талаптарына сәйкес өзірлеушілер мақұлдаған нақты шығындардан аспайтын баға бойынша, сатып алынған Келісімнің тиісті пропорциясына түзетумен немесе әр бірлескен өзірлеушінің қол қойылған қатысу үлесі.

Есептік күнге жобалық компанияның 100% үлесі Total Open компаниясына тиесілі.

Капиталды сипаттағы міндеттемелер

Топ өзінің маусымдық және басқа да туындайтын бизнес-тәуекелдерге ұшырауына талдау жасады, бірақ 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың қаржылық нәтижелеріне немесе жағдайына әсер етуі мүмкін тәуекелдерді анықтаған жоқ. Топ міндеттемелерді орындау және айналым қаражаттарымен қамтамасыз ету үшін қажетті қаражат пен қаржыландыру көздері бар.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Топтың 481,295,663 мың теңге (2023 жылғы 31 желтоқсан: 530,059,552 мың теңге) жалпы сомасындағы негізгі құралдарды сатып алу бойынша ұзақ мерзімді шартты міндеттемелері болды.

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың капиталды сипатының міндеттемелері

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Топтың Forum Muider, СЕГРЭС-2 ұзақ мерзімді шарттық міндеттемелеріндегі үлесі 4,576,543 мың теңгені және тиісінше 574,774 мың теңгені (31 желтоқсан 2023 жылғы: 3,495,602 мың теңге және и 2,801,004 мың теңге) құрады.

26 Шартты және келісімшартты міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер (жалғасы)**Операциялық жалдау**

Төмендегі кестеде объектілерді негізгі құралдарды операциялық жалдау шарттары бойынша алуға болашақ ең төменгі жалдау төлемдері көрсетілген:

Қазақстандық мың теңгемен	31 желтоқсан 2024 ж.	31 желтоқсан 2023 ж.
1 жыл	32,080,353	6,982,393
2 жыл	32,080,353	7,179,649
3 жыл	32,080,353	7,179,649
4 жыл	32,080,353	7,179,649
5 жыл	8,218,593	7,179,649
5 жылдан кейін	6,178,267	11,365,115
31 желтоқсанда алынатын операциялық жалдау бойынша дисконтталмаған төлемдердің жиыны	142,718,272	47,066,104

Қарыздар бойынша ковенанттар

Топтың барлық банктік қарыздары мен облигациялар бойынша міндеттемелері, Самұрық-Энерго банктік кепілдіктері, сондай-ақ Самұрық-Қазынадан Самұрық-Энерго қарызы бойынша белгілі бір келісімдері бар (16-ескертпе). Осы келісімдерді сақтамау Топ үшін жағымсыз салдарға, соның ішінде қарыз шығындарының өсуіне және дефолтқа әкелуі мүмкін. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ төменде сипатталған «Богатырь Көмір» ЖШС-ның сақтамауын қоспағанда, өз келісімдерін сақтады.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша (2023 жылғы 31 желтоқсанға: 253,520,439 мың теңге) 356,359,510 мың теңге сомасында қарыздарда бірқатар қаржылық және қаржылық емес келісімдер болған). 2025 жылғы 31 наурыз есепті күннен кейінгі сәйкестікті тестілеудің келесі күні болып табылады. Басшылық келесі есепті кезеңде ковенанттардың бұзылуын күтпейді.

2024 жылғы 31 желтоқсанда «Богатырь Көмір» ЖШС Еуразиялық Даму Банкінің қарызы бойынша Debt Service Coverage Ratio және Net Debt/EBITDA қолдау бойынша сәйкессіздікке ие болды. Сондай-ақ, көмір өндіру мен тасымалдаудың циклдік-ағындық технологиясы жобасын уақтылы іске асыруға байланысты қаржылық емес келісімдер бойынша бұзушылық бар. «Богатырь Көмір» ЖШС тарапынан ковенанттарды бұзу топтың қарыздарын жіктеуге әсер етпейді. 2024 жылғы 31 желтоқсанға Еуразиялық Даму Банкінен алынған қарыздардың ұзақ мерзімді бөлігі қысқа мерзімді міндеттемелерге қайта жіктелді (8-Ескертпе).

«Богатырь Көмір» ЖШС негізгі борыш пен пайыз бойынша төлемдерді қоса алғанда, қарызға қызмет көрсету бойынша өз міндеттемелерін уақтылы орындайды. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы өтімділікті талдау нәтижелеріне сәйкес, «Богатырь-Көмір» ЖШС Талап ету бойынша берешекті толық өтеу мүмкіндігіне ие. 2024 жылғы 26 желтоқсанда «Богатырь Көмір» ЖШС-нің ЕАДБ-дан ковенанттарды бұзу бойынша вейверлерді алу туралы өтінішіне жауап ретінде «Богатырь Көмір» ЖШС-нің өтініші қаралуда екендігі расталды. Бұл ретте, Топ басшылығы Еуразиялық даму банкінің өкілдерімен алдын ала талқылаулар негізінде уәкілетті органның оң шешімін күтеді.

27 Бақыланбайтын үлес

Төмендегі кестеде Топ үшін маңызды бақыланбайтын үлес бар барлық еншілес кәсіпорындар туралы ақпарат ұсынылған.

Қазақстандық мың теңгемен	Қызмет ететін жер (қызмет ететін жер тіркелгеннен жерден ерекшеленсе, тіркелген ел де көрсетіледі)	Бақылан- байтын үлес пайызы	Бақылан- байтын үлеске тиесілі дауыс құқығының пайызы	Бақылан- байтын үлеске тиесілі пайда немесе шығын	Еншілес кәсіпорында рда жинақталған бақыламай- тын үлес	Бір жыл ішінде бақылмай- тын үлеске төленген дивидендтер
2024 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл						
«Бұқтырма ГЭС-і» АҚ	Қазақстан	3.7%	3,7%	461,173	2,804,043	646,242
«Шүлбі ГЭС-і» АҚ	Қазақстан	7.86%	7.86%	-	23,450	-
«Өскемен ГЭС-і» АҚ	Қазақстан	10%	10%	(199)	1,641	-
Барлығы				460,974	2,829,134	646,242
2023 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл						
«Бұқтырма ГЭС-і» АҚ	Қазақстан	3.7%	3,7%	649,887	2,342,870	156,828
«Шүлбі ГЭС-і» АҚ	Қазақстан	7.86%	7.86%	-	23,450	-
«Өскемен ГЭС-і» АҚ	Қазақстан	10%	10%	(422)	1,840	-
Барлығы				649,465	2,368,160	156,828

Қазақстандық мың теңгемен	Қысқа мерзімді активтер	Ұзақ мерзімді активтер	Қысқа мерзімді міндетте- мелер	Ұзақ мерзімді міндетте- мелер	Түсім	Пайда/ (шығын)	Барлық жиынтық пайда	Ақшалай қаржы ағымы
2024 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл								
«Бұқтырма ГЭС-і» АҚ	13,444,665	1,708,017	639,704	10,213	16,520,037	12,537,593	12,537,593	6,803,706
«Шүлбі ГЭС-і» АҚ	-	-	-	-	-	-	-	-
«Өскемен ГЭС-і» АҚ	-	-	127,413	-	-	(1,984)	(1,984)	-
Барлығы	13,444,665	1,708,017	767,117	10,213	16,520,037	12,535,609	12,535,609	6,803,706
2023 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл								
«Бұқтырма ГЭС-і» АҚ	19,851,529	1,384,306	4,047,805	25,317	21,836,995	17,564,508	17,722,549	574,414
«Шүлбі ГЭС-і» АҚ	-	-	598,444	12,156	-	-	-	-
«Өскемен ГЭС-і» АҚ	400	-	125,828	-	-	(4,209)	(4,209)	-
Барлығы	19,851,929	1,384,306	4,772,077	37,473	21,836,995	17,560,299	17,718,340	574,414

28 Негізгі еншілес, қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындар

Кәсіпорын атауы	Қызмет түрі	% дауыс құқығы	Қатысу үлесі	Тіркелген ел
Еншілес кәсіпорындар:				
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша электр қуатын беру және бөлу	100%	99.16%	Қазақстан
«Алматы электрстанциялары» АҚ	Алматы қаласы мен Алматы облысында электржылу қуаты мен ыстық су өндіру	100%	100%	Қазақстан
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС	Алматы қаласы мен Алматы облысы аумағында электр қуатын сату	100%	100%	Қазақстан
«Шардара СЭС-і» АҚ	Оңтүстік Қазақстандағы гидроэлектр станциясындағы электр қуатын өндіру	100%	100%	Қазақстан
«Мойнақ СЭС-і» АҚ	Алматы облысындағы гидроэлектрстанциясындағы электр қуатын өндіру	100%	100%	Қазақстан
Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1 станциясы	Көмір негізіндегі электр және жылу қуатын өндіру	100%	100%	Қазақстан
«Бұқтырма ГЭС-і» АҚ	Жалға берілген Бұқтырма гидроэлектрстанциясының меншік иесі саналады	100%	96.32%	Қазақстан
«Өскемен ГЭС-і» АҚ	Гидроэлектр станцияларды жалға берген кезден бастап аталған компаниялар жұмыс істемейді	89.99%	89.99%	Қазақстан
«Шүлбі ГЭС-і» АҚ	Гидроэлектр станцияларды жалға берген кезден бастап аталған компаниялар жұмыс істемейді	92.14%	92.14%	Қазақстан
Samruk Green Energy ЖШС	Жаңартылатын электр қуатын дамыту	100%	100%	Қазақстан
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	Жел электр станциясында қуат өндіру	100%	100%	Қазақстан
«Қазгидротехэнерго» ЖШС	Жаңартылатын энергия көздері саласында жобаларды іске асыру	100%	100%	Қазақстан
«Теплоэнергомаш» ЖШС	Жаңартылатын энергия көздері саласында жобаларды іске асыру	95%	95%	Қазақстан
«Energy Solution Center» ЖШС	Екібастұз қаласындағы жылу қуатын өндіру	100%	100%	Қазақстан
«Energy Solution Center» ЖШС филиалы	Тасымалдау және өзге де қызметтер	100%	100%	Қазақстан
«Балқаш ЖЭС» АҚ	Балқаш ЖЭС-ін салу	100%	100%	Қазақстан
«Ereymentau Wind Power» ЖШС	Жел электр станциясында қуат өндіру	100%	100%	Қазақстан
Qazaq Green Power PLC	Жасыл энергия өндіру	100%	100%	Қазақстан
«АЭС Шүлбі ГЭС-і» ЖШС	Шығыс Қазақстандағы гидроэлектрстанциясындағы электр қуатын өндіру	100%	100%	Қазақстан
«АЭС Өскемен ГЭС-і» ЖШС	Шығыс Қазақстандағы гидроэлектрстанциясындағы электр қуатын өндіру	100%	100%	Қазақстан
Қауымдасқан кәсіпорындар:				
«Энергия Семиречья» ЖШС	Алматы жанында күн электр станциясында электр қуатын өндіру	25%	25%	Қазақстан
Altyn Dala Energy Ltd. Жеке компаниясы	Күн электр станциясында электр қуатын өндіру	25%	25%	Қазақстан
Бірлескен кәсіпорындар:				
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы»	Көмір негізінде электр және жылу қуатын өндіру	50%	50%	Қазақстан
Forum Muider BV и Forum Muider Limited («Forum Muider»)*	2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Forum Muider BV және Forum Muider Limited Компания Богатырь Көмір жарғылық капиталының 100% үлесіне ие (Компания энергетикалық көмір өндірумен айналысады)	50%	50%	Қазақстан Forum Muider BV - Нидерланды Forum Muider Limited - Кипр
«Кокшетау ЖЭО» ЖШС	Көкшетау қаласында көмір жылу электр орталығын салу жөніндегі жобаны іске асыру.	50%	50%	Қазақстан
«Өскемен Энерго» ЖШС	Өскемен қаласында көмір жылу электр орталығын салу жөніндегі жобаны іске асыру	50%	50%	Қазақстан
«Семей Энерго» ЖШС	Семей қаласында көмір жылу электр орталығын салу жөніндегі жобаны іске асыру	50%	50%	Қазақстан

* Редомоцилиация мақсатында Forum Muider B.V. АХҚО юрисдикциясына Нидерландының юрисдикциясынан АХҚО-ға тікелей беру мүмкін еместігіне байланысты 2023 жылғы 18 қазанда Кипр Республикасында Forum Muider Limited компаниясы құрылды. Forum Muider Limited акционерлері Самұрық-Энерго және UC RUSAL (РФ) тең үлестермен (әрқайсысы 50% акция) болып табылады. 2024 жылдың қарашасында Forum Muider B. V.-дің Forum Muider Ltd-ге қосылуы аяқталды. Осылайша, Forum Muider B. V.-дің барлық активтері, құқықтары мен міндеттемелері әмбебап мұрагерлік тәртібімен Forum Muider Ltd-ге өтті, ал Forum Muider B. V. өз кезегінде жұмысын тоқтатты.

29 Қаржылық тәуекелдерді басқару

Қаржылық тәуекел факторлары

Топ қызметі оны бірқатар қаржылық тәуекелдерге әкеледі: нарықтық тәуекел (оның ішінде валюталық тәуекел, пайыздық мөлшерлеме өзгерісінің әсер ету тәуекелі), несие тәуекелі және өтімділік тәуекелі. Топ деңгейіндегі тәуекелдердің басқару бағдең жоғары мөлшерде қысқартуға бағытталған. Топ тәуекелге ұшырауды хеджирлеу үшін қаржылық құралдарды пайдаланбайды.

Тәуекелдерді басқару Топтың бас компаниясы бекіткен саясат несие тәуекелі, өтімділік тәуекелі және нарық тәуекелі сияқты арнайы салаларды қамтитын және тәуекелдерді басқару принциптерін қарастыратын саясатқа сәйкес жүргізіледі (1-ескертпе).

(а) Кредит тәуекелі

Топ кредит тәуекеліне ұшырауы мүмкін, атап айтқанда қаржылық құрал бойынша бір тарап басқа тарапқа қаржылық шығын әкелу тәуекеліне ұшырауы мүмкін, себебі ол өз міндеттерін орындай алмайды.

Кредит тәуекелі Топтың контрагенттермен жасалатын кредиттік және басқа да операциялары нәтижесінде туындайды, соның салдарынан қаржылық активтер туындап отырады.

Топтың ең жоғарғы кредиттік тәуекелі қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте қаржылық активтердің теңгерімдік құнынан көрінеді.

Кредиттік тәуекелді басқару

Кредиттік тәуекел Топ бизнесі үшін барынша елеулі тәуекел болып табылады. Сондықтан да басшылық кредиттік тәуекелді басқаруға ерекше көңіл бөледі.

Тәуекелдерді басқару мақсатында кредиттік тәуекелді бағалау маңызды процесс болып табылады және нақты модельдерді пайдалануды талап етеді, себебі тәуекелдер нарық жағдайына, күтілетін ақшалай қаражат айналымына және уақыт ағымына тәуелді. Активтер портфелі бойынша кредиттік тәуекелді бағалау дефолт болу ықтималдылығына байланысты қосымша бағалауды, тиісті шығын коэффициенттерін белгілеуді және контрагенттер арасындағы дефолт жағдайларына түзетулер жасауды талап етеді.

Кредиттік тәуекелді жіктеу жүйесі

Кредиттік тәуекел деңгейі бойынша қаржылық құралдарды жіктеу және кредит тәуекелін бағалау мақсатында Топ екі жұмыс бағытын пайдаланады: тәуекелдер негізінде жасалатын ішкі рейтинг жүйесі немесе сыртқы халықаралық рейтинг агенттіктері (Standard & Poor's [S&P], Fitch, Moody's) бағалайтын тәуекел деңгейінің бағасы. Ішкі және сыртқы кредиттік рейтингтер дефолттың басталу ықтималдығының белгілі бір ауқымы бар бірыңғай ішкі шкала бойынша жасалады. Тәуекелдерге негізделген рейтингтердің ішкі жүйесі ішкі даму болып табылады және рейтингтерді басшылық бағалайды. Топ активтердің класына байланысты несиелік тәуекелді бағалаудың әртүрлі әдістерін қолданады.

Топ ұзақ мерзімді дебиторлық берешек бойынша кредиттік тәуекелді бағалау үшін тәуекелдер негізінде ішкі рейтингтік жүйелерді қолданады.

Рейтингтік модельдер үнемі тексеріліп отырады, дефолт туралы дәлелдерге негізделген және қажет болған жағдайда жаңартылады. Қолданылатын әдіске қарамастан, топ рейтингтердің дәлдігін үнемі растайды, модельдердің болжамды қабілеттерін есептейді және бағалайды.

Сыртқы рейтингтер S&P, Moody's и Fitch секілді тәуелсіз халықаралық рейтинг агенттіктерінің контрагенттері арқылы беріледі. Бұл рейтингтер ашық түрде, қол жетімді. Мұндай рейтингтер және дефолттың болу ықтималдылығының тиісті диапазондары барлық қаржылық активтер үшін қолданылады, тек саудалық дебиторлық берешек пен ұзақ мерзімді дебиторлық берешектер өзгеше қаралады.

29 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)***Күтілетін кредит шығындарын (ККШ) бағалау***

Күтілетін кредиттік шығындар – ықтималдылық деңгейі ескеріле отырып, болашақ алынбаған ақшалай қаражат құны есептелген бағалау нысаны (яғни белгілі бір кезең ішінде туындаған дефолттың тиісті тәуекелдері пайдаланылып есептелген кредиттік шығындардың орташа өлшемдік шамасы). Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау объективті болып табылады және ықтимал нәтижелердің ауқымын есептеу арқылы айқындалады. Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау топ пайдаланатын төрт компоненттің негізінде орындалады: дефолт ықтималдығы, дефолт тәуекеліне ұшыраған кредиттік талаптың шамасы, дефолт жағдайында шығын және дисконттау мөлшерлемесі. Дефолт сәтіндегі берешек – есепті кезең аяқталғаннан кейін тәуекел сомасында болуы мүмкін өзгерістер ескеріліп дефолттың болашақ болар күні тәуекелін бағалау, негізгі қарыз сомасы мен пайыздарын өтеу, және кредиттік міндеттемелер бойынша қаражатты пайдалану қоса ескеріледі. Кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша дефолт сәтіндегі берешек кредиттік конверсия коэффициенті арқылы (CCF) бағаланады. Кредиттік конверсия коэффициенті – белгілі бір уақыт кезеңіндегі шарт бойынша міндеттемелер сомасының теңгерімдік міндеттемеге қатысты конверсия ықтималдылығын көрсететін коэффициент. *Дефолт ықтималдылығы (PD)* – белгілі бір уақыт кезеңіндегі дефолттың туындау мүмкіндігін бағалау. *Дефолт жағдайындағы шығын (LGD)* – дефолт кезіндегі туындайтын шығынды бағалау. Бұл шама шартта көзделген төлеуге бағытталған ақшалай қаражат ағыны мен кредитордың алуы күтілетін ақша арасындағы айырмаға негізделеді. Әдетте бұл көрсеткіш дефолт кезіндегі берешек пайызымен (EAD) белгіленеді. Күтілетін шығындар есепті мерзім аяғындағы көрсетілген құнға сәйкес дисконтталады. Дисконттау мөлшерлемесі қаржылық құрал бойынша тиімді пайыздық мөлшерлемні (ТПМ) немесе оған ұқсас шаманы білдіреді.

Күтілетін кредиттік шығындар қаражат құралының барлық қолданыс мерізімі ішінде модельденеді. Құралдың барлық қолданыс мерзімі шарттың күтпеген мерзімінен тыс өтелуін есепке алғанда, егер ондай болған болса, қарыз құралдарын өтеу мерзіміне дейінгі қалған қолданыс мерзіміне тең.

Басқару моделінде «*Барлық мерзімдегі күтілетін кредиттік шығындар*» ретінде қаржылық құралдың қалған қолданыс мерізімі ішіндегі барлық мүмкін боларлық дефолт жағдайларының туындауы нәтижесінде пайда болатын шығындар бағаланады. «*12 айда күтілетін кредиттік шығындар*» моделі қаржылық құралдар бойынша есепті кезеңнің аяғынан бастап 12 ай ішіндегі болуы мүмкін дефолт жағдайының пайда болуы нәтижесінде туындайтын немесе қаржылық құралдың бір жылдан кем болуы мүмкін мерзіміндегі күтілетін кредиттік шығындардың бір бөлігін қамтиды.

Басшылықтың Шоғырландырылған қаржылық есептілікті әзірлеу үшін күтілетін кредиттік шығындарды бағалауы әдетте реттеу мақсатында пайдаланылатын барлық мерзім ішіндегі бағалауға емес, белгілі бір мерзімдегі бағалауға негізделген. Бағалауда болжамдық ақпарат қолданылады. Осындай ретпен ККШ кредит тәуекеліне ықпал ететін ықтималдылық ескеріле отырып, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердегі өзгерістерді көрсетеді.

Құрылған немесе сатып алынған құнсызданған қаржы активтері (POCI) үшін ККШ модельдеу, (а) жалпы баланстық құны және дисконттау ставкасы шартта көзделген ақша ағындарының негізінде емес, активті бастапқы тану сәтінде алынуы мүмкін ақша ағындарының негізінде айқындалатынын қоспағанда, сондай түрде орындалады және (б) ККШ әрқашан бүкіл уақыт ішінде ККШ тең. Құрылған немесе сатып алынған құнсызданған активтер - бұл бұрын бизнесті біріктіру нәтижесінде сатып алынған құнсызданған қарыздар сияқты бастапқы тану сәтінде құнсызданған қаржылық активтер.

29 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Дефолт ықтималдылығын бағалау үшін Топ дефолтты төменде көрсетілген критерийлердің біреуіне немесе бірнешеуіне сәйкес келетін тәуекел жағдайы ретінде белгілейді:

- Қарыз алушының шартта көзделген өтеу мерзімін 90 күннен аса уақытқасозуы;
- халықаралық рейтинг агенттіктері қарыз алушыны дефолт рейтингіндегі сыныпқажатқызады;
- қарыз алушы төменде көрсетілген төлемсіздік қабылеті ықтималының белгісіне сәйкескеледі:
 - қаржылық актив бойынша пайыз есептемесінің тоқтатылуы/ пайыз мөлшерлемесінің төмендеуі;
 - негізгі қарыздың есептеншығарылуы;
 - қаржылық активтің номинальды құнына қарағанда елеулі дисконтпен сатылуы;
 - қарыз құнының төмендеуіне/есептен шығарылуына, берешектің кешірілуіне әкелетін қайта құрылымдау;
 - қаржылық активті өтеу мерзімінің ұзартылуы;
 - негізгі қарыз/пайздық төлем бойынша төлем мерзімінің мейлінше кейінге шегерілуі;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес контрагенттің банкрот деп танылуы;
 - контрагенттің банкроттық туралы өтініш бойынша талап арызын беруі;
 - кепілдік шартымен немесе шарт бойынша кепілдік ақысының төленуімен қамтамасыз етілген міндеттемелер бойынша мерзімнің ұзартылуы 90 күннен асады.

Ақпаратты жария ету үшін Топ дефолт анықтамасын құнсызданған активтер анықтамасына сәйкестендірді. Дефолттың жоғарыда берілген анықтамасы Топтың барлық қаржылық активтеріне қатысты қолданылады.

Егер құрал үш ай қатарынан қандай да бір дефолт критерийіне жатқызылмаған болса, дефолт деп есептелмейді (яғни төлемнің ұзартылуы жойылады). Бұл кезең талдау негізінде анықталды, талдау барысында ұзарту мерзімін жоюдың түрлі анықтамалары пайдаланылып, төлемді ұзарту жойылғаннан кейінгі қаржылық құралға дефолт мәртебесін беруді қайтару ықтималдылығы ескерілді.

Кредит тәуекелінің елеулі мөлшерде ұлғаюының болуы немесе болмауының бағалануы (SICR) алғашқы танылған сәттен бастап жеке түрде де, портфельді негізде де орындалады. Топтың тәуекелдерді басқару бөлімі кредиттік тәуекелді олардың тиісті сипаты тұрғысынан айтарлықтай ұлғайту фактісін анықтау үшін пайдаланылатын критерийлерге мерзімді мониторинг пен тексеруді жүзеге асырады.

Күтілетін несиелік шығындарды бағалау үшін Топ несиелік тәуекел компоненттерін бағалаудың төмендегідей модельдерін қолданады:

- дефолт ықтималдығын бағалау модельдері (PD TTC және PD PiT);
- дефолт шығындарын бағалау модельдері (LGD);
- дефолт талаптарының сомасын бағалау модельдері (EAD).

Несиелік тәуекел компоненттерін бағалау модельдері болашақ экономикалық жағдайлар туралы болжамды деректерді пайдалануды ескере отырып жасалады. Бұл деректер инфляция деңгейі, ЖІӨ динамикасы, жұмыссыздық деңгейі және экономикалық белсенділікке әсер ететін басқа да негізгі көрсеткіштер сияқты әртүрлі макроэкономикалық көрсеткіштерді қамтиды. Макроэкономикалық факторлардың тізімі:

- Жұмыссыздық деңгейі;
- Ұлттық валютаның (KZT) АҚШ долларына (USD) айырбастау бағамы;
- Алдыңғы тоқсанға қатысты тұтыну бағалары индексінің (Consumer Price Index, CPI) пайыздық өзгерісі;
- Өткен жылдың ұқсас тоқсанымен салыстырғанда тұтыну бағалары индексінің (Consumer Price Index, CPI) пайыздық өзгерісі;
- Белгілі бір кезеңдегі елдегі экономикалық белсенділіктің нақты өсуін немесе төмендеуін көрсететін өндіріс әдісімен есептелген жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) нақты көлем индексі;

Осы шоғырландырылған қаржылық есепте танылатын күтілетін кредит шығындарының деңгейі қарыз алушының кредит тәуекелінің алғашқы танылған сәтінен бастап елеулі ұлғаюына байланысты белгіленеді. Бұл бағыт күтілетін кредит шығындарын бағалаудың үш кезеңдік моделіне негізделген. 1-кезең – алғашқы танылу сәтінде құнсызданған санатына жатқызылмаған және сол сәттен бастап оған қатысты кредит тәуекелі елеулі түрде өспеген қаржылық құрал үшін.

29 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

2-кезең – егер алғашқы танылу сәтінен бастап кредит тәуекелі елеулі түрде өскені анықталса қаржылық құрал 2-кезеңге ауыстырылады, бірақ әзірше құнсызданған болып есептелмейді, бірақ кредит шығындарына қатысты бағалау резерві барлық мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік шығындар негізінде құрылады. 3-кезең – егер қаржылық құрал құнсызданған болып табылса, ол 3-кезеңге ауыстырылады, және бағалау резерві барлық мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік шығындар негізінде құрылады. Актив 3-кезеңге ауысуы нәтижесінде ұйым пайыздық табысты жалпы теңгерімдік құны негізінде тануды доғарады және пайыздық кірісті есептеу кезінде теңгерімдік құнға қатысты күтілетін кредит шығындарын алып тастағандағы активтің тиімді пайыздық мөлшерлемесін қолданады.

Кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюының критерийі орындалмағаны туралы дәлелдер болса, құрал қайтадан 1-кезеңге ауыстырылады. Егер тәуекел сапалық белгісі негізінде 2-кезеңге ауыстырылса, Топ бұл белгіге қатысты, оның сақталуы немесе өзгеруіне көз жеткізу үшін мониторинг жасайды.

Сатып алынған немесе құрылған құнсызданған қаржылық активтер бойынша кредиттік шығындарды бағалау әрдайым тұтас мерзімге бағаланады. Осылайша Топ барлық мерзімдегі күтілетін кредиттік шығындардың шоғырландырылма өзгерістерін таниды.

Төмендегі кестеде өзге ұзақ мерзімді дебиторлық берешек секілді құнсыздану моделінің жекелеген кезеңдері бойынша бағаланатын қаржылық активтер жіктелімі келтірілген. Өзге қаржылық активтердің кредиттік шығындарына қатысты бағалау резерві 2024 және 2023 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша маңызды емес болып табылады.

	Кредиттік шығындармен байланысты бағалау резерві				Жалпы баланстық құны			
	1 кезең	2 кезең	3 кезең	Барлығы	1 кезең	2 кезең	3 кезең	Барлығы
	(12 айға ККШ)	(кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы жағдайындағы ККШ)	(құнсызданған активтер бойынша барлық мерзімге ККШ)		(12 айға ККШ)	(кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы жағдайындағы ККШ)	(құнсызданған активтер бойынша барлық мерзімге ККШ)	
Қазақстандық мың теңгемен								
Өзге де дебиторлық берешек 2024 ж. 1 қаңтар	(116,283)	-	(84,940)	(201,223)	642,983	-	84,940	727,923
Жаңадан құрылған немесе сатып алынған	(35,190)	-	-	(35,190)	-	-	-	-
Кезең ішінде танылудың тоқтатылуы	-	-	49,892	49,892	(285,433)	-	49,892	(235,541)
Дисконттың амортизациясы	-	-	-	-	41,372	-	-	41,372
Өзге де өзгерістер	-	-	-	-	-	-	-	-
Сауда дебиторлық берешегінен ауысу	-	-	-	-	-	-	-	-
Кезеңдегі кредиттік шығынды кредиттік бағалау аударымына ықпал ететін өзгерістердің барлығы	(35,190)	-	49,892	14,702	(244,061)	-	49,892	(194,169)
2024 ж. 31 желтоқсан	(151,473)	-	(35,048)	(186,521)	398,922	-	134,832	533,754

	Кредиттік шығындармен байланысты бағалау резерві				Жалпы баланстық құны			
	1 кезең	2 кезең	3 кезең	Барлығы	1 кезең	2 кезең	3 кезең	Барлығы
	(12 айға ККШ)	(кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы жағдайындағы ККШ)	(құнсызданған активтер бойынша барлық мерзімге ККШ)		(12 айға ККШ)	(кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы жағдайындағы ККШ)	(құнсызданған активтер бойынша барлық мерзімге ККШ)	
Қазақстандық мың теңгемен								
Өзге де дебиторлық берешек 2023 ж. 1 қаңтар	(116,736)	(559,489)	(317,200)	(993,425)	712,490	7,560,135	317,200	8,589,825
Жаңадан құрылған немесе сатып алынған	(6,427)	-	-	(6,427)	-	-	-	-
Кезең ішінде танылудың тоқтатылуы	6,880	559,489	232,260	798,629	(115,073)	(7,901,055)	(232,260)	(8,248,388)
Дисконттың амортизациясы	-	-	-	-	45,566	340,920	-	386,486
Өзге де өзгерістер	-	-	-	-	-	-	-	-
Сауда дебиторлық берешегінен ауысу	-	-	-	-	-	-	-	-
Кезеңдегі кредиттік шығынды кредиттік бағалау аударымына ықпал ететін өзгерістердің барлығы	453	559,489	232,260	792,202	(69,507)	(7,560,135)	(232,260)	(7,861,902)
2023 ж. 31 желтоқсан	(116,283)	-	(84,940)	(201,223)	642,983	-	84,940	727,923

29 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Сауда-саттық дебиторлық берешектен басқа қаржылық активтер бойынша күтілетін кредиттік шығындарды бағалау үшін Топ үш бағытты қолданады: (i) жеке негізде бағалау; (ii) портфельді негізде бағалау; ішкі рейтингтер жеке негізде бағаланады, бірақ кредит тәуекелінің бірдей рейтингтері және кредит портфелінің бірдей сегменттері үшін күтілетін кредиттік шығындарды есептеу процесінде кредит тәуекелінің бірдей параметрлері қолданылады (мәселен, дефолт ықтималдылығы, дефолт жағдайындағы шығындар); (iii) сыртқы рейтингтер негізінде бағалау.

Тұтастай алғанда күтілетін кредиттік шығындар кредит тәуекелінің төмендегідей параметрлерінің қосындысына тең: дефолт сәтіндегі берешек, дефолт ықтималдылығы және дефолт жағдайындағы шығындар, олар құралдың тиімді пайыздық мөлшерлемесі арқылы келтірілген құнына дисконтталған нұсқада анықталған. Күтілетін кредиттік шығындар әрбір жеке қаржы активінің немесе жиынтық сегменттің қолданылу мерзімі ішінде әрбір болашақ ай үшін кредиттік тәуекелдің параметрлерін (дефолт кезіндегі берешек, дефолт ықтималдығы және дефолт жағдайындағы шығын) болжау жолымен айқындалады. Бұл үш компонент «өмір сүру» ықтималдығын ескере отырып көбейтіледі және түзетіледі (яғни, қаржылық актив өткен айда өтелді ме, әлде дефолт болды ма). Бұл іс жүзінде әрбір болашақ кезең үшін күтілетін несиелік шығындарды есептеуді қамтамасыз етеді, содан кейін олар есепті күнге дисконтталады және жинақталады. Күтілетін кредиттік шығындарды есептеу үшін пайдаланылатын дисконттау ставкасы бастапқы тиімді пайыздық ставканы немесе оның шамаланған шамасын білдіреді.

Төменгі кестеде тиісті есепті кезең соңындағы сыртқы (болған жағдайда) және ішкі кредиттік рейтингтер көрсетілген:

Қазақстандық мың теңгемен	Пайдаланылуы шектелген		Мерзімді депозиттер	Облигациялар және қарыздар
	Ақшалай қаражат	ақшалай қаражат		
2024 ж. 31 желтоқсан				
BBB+ (S&P)	173	-	-	-
BBB (тұрақты) (S&P)	39,864	-	-	-
BBB- (тұрақты) (S&P)	89,812,776	204	-	18,063,596
BB+ (тұрақты) (S&P)	2,827,848	270,955	3,270	-
BB (тұрақты) (S&P)	328,864	-	-	476,620
BB- (тұрақты) (S&P)	-	-	-	-
B+ (тұрақты) (S&P)	1,918,284	100	-	-
Болмаған (S&P)	24,486	304,701	-	28,969
Барлық қаржылық активтер	94,952,295	575,960	3,270	18,569,185

Қазақстандық мың теңгемен	Пайдаланылуы шектелген		Мерзімді депозиттер	Облигациялар және қарыздар
	Ақшалай қаражат	ақшалай қаражат		
2023 ж. 31 желтоқсан				
BBB+ (S&P)	-	-	-	-
BBB (тұрақты) (S&P)	720,996	-	-	-
BBB- (тұрақты) (S&P)	38,599,901	-	-	4,431,290
BB+ (тұрақты) (S&P)	2,431,637	204	-	-
BB (тұрақты) (S&P)	987,298	241,906	1,173	91,783
BB- (тұрақты) (S&P)	911,954	-	-	-
B+ (тұрақты) (S&P)	-	-	-	-
Болмаған (S&P)	10,670	307,625	500	12,496
Барлық қаржылық активтер	43,662,456	549,735	1,673	4,535,569

Топ дебиторлық берешек бойынша күтілетін кредиттік шығындарды есептеу үшін резервтеу матрицасын қолданады. Күтілетін кредиттік шығынды бағалау үшін сауда-саттық дебиторлық берешек кредит тәуекелі мен мерзімі ұзартылған кезең сипаттамасына байланысты жіктелген.

29 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Төменгі кестеде дефолт деңгейі және тиісті есепті кезең аяғындағы шығынға арналған резерв көрсетілген:

Қазақстандық мың теңгемен	Заңды тұлғалардың дебиторлық берешегі					
	Барлығы	Ағымдағы	1-30 күн	31-60 күн	61-90 күн	>90 күн
2024 ж. 31 желтоқсандағы дебиторлық берешек	66,636,774	53,355,368	6,548,427	3,132,125	627,321	2,973,533
Дефолт деңгейі		0.26%	1.16%	1.41%	13.83%	79.68%
Күтілетін кредиттік шығындар	(2,715,095)	(138,888)	(76,210)	(44,014)	(86,788)	(2,369,195)
Барлығы	63,921,679	53,216,480	6,472,217	3,088,111	540,533	604,338

Қазақстандық мың теңгемен	Заңды тұлғалардың дебиторлық берешегі					
	Барлығы	Ағымдағы	1-30 күн	31-60 күн	61-90 күн	>90 күн
2023 ж. 31 желтоқсандағы дебиторлық берешек	60,218,296	52,746,292	2,956,106	1,346,335	620,927	2,548,636
Дефолт деңгейі		0.13%	1.21%	3.53%	3.10%	79.89%
Күтілетін кредиттік шығындар	(2,207,729)	(69,171)	(35,751)	(47,470)	(19,251)	(2,036,086)
Барлығы	58,010,567	52,677,121	2,920,355	1,298,865	601,676	512,551

Қазақстандық мың теңгемен	Жеке тұлғалардың сауда дебиторлық берешегі					
	Барлығы	Ағымдағы	1-30 күн	31-60 күн	61-90 күн	>90 күн
2024 ж. 31 желтоқсандағы дебиторлық берешек	10,860,262	10,516,288	204,342	46,172	7,880	85,580
Дефолт деңгейі		0.10%	6.97%	25.91%	43.88%	94.76%
Күтілетін кредиттік шығындар	(121,500)	(10,741)	(14,242)	(11,961)	(3,458)	(81,098)
Барлығы	10,738,762	10,505,547	190,100	34,211	4,422	4,482

Қазақстандық мың теңгемен	Жеке тұлғалардың сауда дебиторлық берешегі					
	Барлығы	Ағымдағы	1-30 күн	31-60 күн	61-90 күн	>90 күн
2023 ж. 31 желтоқсандағы дебиторлық берешек	8,424,201	8,137,250	154,564	37,174	11,386	83,827
Дефолт деңгейі		0.12%	1.68%	7.07%	25.32%	89.98%
Күтілетін кредиттік шығындар	(93,187)	(9,653)	(2,597)	(2,628)	(2,883)	(75,426)
Барлығы	8,331,014	8,127,597	151,967	34,546	8,503	8,401

Күтілетін кредиттік шығындар моделіне енгізілген болжамдық ақпарат

Кредиттік тәуекелдің Елеулі ұлғаюын бағалау және күтілетін кредиттік шығындарды есептеу расталатын болжамды ақпаратты қосуды көздейді. Топ несиелік тәуекел мен күтілетін несиелік шығындардың өзгеруімен байланысты келесі экономикалық айнымалыларды анықтады: жалпы ішкі өнім, инфляция, валюта бағамы, мұнай бағасы және негізгі секторлардың өнімділігінің өзгеруіне негізделген экономикалық даму тенденциясын сипаттау үшін қолданылатын қысқа мерзімді экономикалық индикатор.

Осы экономикалық ауыспалы нысандардың дефолт ықтималдылығына әсері, дефолт кезіндегі берешек және дефолт жағдайындағы шығын статистикалық регрессионды талдау арқылы анықталады, бұл шара осы ауыспалы шамалардың өткен кезеңдердегі дефолт деңгейіне тигізген әсерін түсіну үшін жасалады.

29 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Кез келген басқа экономикалық болжамдардағы секілді, олардың жүзеге асырылу болжамы мен ықтималдылығы жоғары деңгейдегі белгісіздігінен айқындалады, сондықтан да нақты көрсеткіштер болжамды көрсеткіштерден елеулі түрде өзгешеленуі мүмкін.

Топ өзінің әдіснамасы мен қаржы активтері бойынша бағалар мен нақты шығындар арасындағы алшақтықты азайту үшін жол берулерге тұрақты тексеру жүргізеді. Мұндай бәк-тестілеу жылына кемінде бір рет өткізіледі. Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау әдістемесін бәк-тестілеу нәтижелері Басшылық назарына жеткізіледі, сосын уәкілетті органдармен талқыландырылғаннан кейін модельдерді одан әрі жетілдіру қадамдары жасалады.

(ә) Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі – бұл Топтың қаржылық міндеттемелерді орындау кезінде қиындықтармен кездесу тәуекелі. Топтың қолданыстағы Даму жоспарларын қалыптастыру және мониторингілеу ережелеріне сәйкес, ақша ағымдарының қозғалысын жоспарлау және мониторингілеу қысқа мерзімді ай сайынғы негізде және 5 жылға қызметті орта мерзімді жоспарлауды қалыптастыру аясында жүзеге асады. Сондай-ақ, Топта 10 жылға Топты дамыту стратегиясы әзірленіп, бекітілуде. Ақша ағымдарын жоспарлаған кезде депозиттерге бос ақша қаражатын орналастырудан түскен пайда есептеледі.

Төменде кестеде шарттардың талаптарында көзделген өтеу мерзімдерінің соңына дейін есепті кезеңнің соңында қалатын мерзімдерді көрсете отырып, өтеу мерзімдері бойынша бөлінген топтың қаржылық міндеттемелеріне талдау берілген. Өтеу мерзімі бойынша талдау дисконтталмаған сомаларға негізделген, оның ішінде болашақта пайыздар мен қарыздың негізгі сомасын өтеу.

Қазақстандық мың теңгеммен	Қажет болғанға дейін және 1 айдан кем мерзімде	1– 3 ай	3 – 12 ай	12 ай – 5 жыл	5 жылдан астам	Барлығы
2024 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша						
Қарыздар	8,658,762	13,043,373	96,994,043	342,837,448	71,897,736	533,431,362
Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және басқа кредиторлық берешек	113,933,497	2,713,879	1,563,419	3,156,631	1,957,386	123,324,812
Қаржылық жалдау	40,370	170,707	654,762	2,667,067	341,291	3,874,197
Негізгі сома мен пайыздың болашақ төлемдерін қоса алғандағы барлық болашақ төлемдер	122,632,629	15,927,959	99,212,224	348,661,146	74,196,413	660,630,371
2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша						
Қарыздар	13,641,232	16,895,396	48,237,105	305,024,210	10,714,783	394,512,726
Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және басқа кредиторлық берешек	54,871,955	1,624,109	883,370	816	-	57,380,250
Қаржылық жалдау	62,785	191,716	763,504	2,482,608	261,606	3,762,219
Негізгі сома мен пайыздың болашақ төлемдерін қоса алғандағы барлық болашақ төлемдер	68,575,972	18,711,221	49,883,979	307,507,634	10,976,389	455,655,195

29 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)**(в) Нарық тәуекелі**

Топ (а) валюталық және (б) пайыздық құралдар бойынша ашық ұстанымдармен байланысты нарық тәуекеліне тап болып отырады, олар нарықтағы жалпы және арнайы өзгерістер тәуекелімен тығыз байланысты.

Валюталық тәуекел.

Топтың кейбір қарыздары (16-ескертпе) және негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешегі (27-ескертпе) шетелдік валютада (АҚШ доллары мен еуро) көрсетілген, сондықтан Топ валюталық тәуекелге ұшырауы мүмкін. Қазақстан нарығында туынды қаржылық құралдарды таңдау шектеулі және бұндай құралдар қымбат болғандықтан, басшылық Топтың валюталық тәуекелін хеджирлеу туралы шешім қабылдады, себебі мұндай құралдардың табыстары сәйкес шығындарды жаппайды. Бұған қарамастан Топ болашақта және қажет болған кезде хеджирлеу құрылымын енгізу үшін қаржылық нарықтағы өзгерістерді одан әрі бақылауды жалғастыруда.

Төмендегі кестеде валюталық тәуекелге ұшыратуы мүмкін шетелдік валюталарда белгіленген жалпы сомалар көрсетілген:

Қазақстандық мың теңгемен	АҚШ доллары	Еуро	Юань	Ресей рублі	Барлығы
2024 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша					
Активтер	512	590	-	-	1,102
Міндеттемелер	-	(30,677,467)	(998,591)	(409)	(31,676,467)
Таза позиция	512	(30,676,877)	(998,591)	(409)	(31,675,365)
2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша					
Активтер	-	-	-	-	-
Міндеттемелер	-	(66,411)	-	-	(66,411)
Таза позиция	-	(66,411)	-	-	(66,411)

Төменде кестеде Топ ұйымдарының қызметтік валютасы үшін есепті кезең аяғында қолданылатын айырбас бағамының болуы мүмкін өзгерістері нәтижесінде болуы мүмкін қаржылық нәтиже мен өзіндік капиталдың өзгерістері келтірілген, бұл ретте барлық ауыспалы сипаттамалар өзгеріссіз қалады.

Қазақстандық мың теңгемен	Пайдаға немесе шығынға және капиталға әсері	
	31 желтоқсан 2024 ж.	31 желтоқсан 2023 ж.
АҚШ долларының 9% нығаюы (2023 ж.: 14% бекуі)	47	-
АҚШ долларының 7% әлсіреуі (2023 ж.: 14% әлсіреуі)	(38)	-
Еураның 9% нығаюы (2023 ж.: 13% нығаюы)	(2,760,703)	(8,600)
Еураның 6% әлсіреуі (2023 ж.: 13% әлсіреуі)	1,825,264	8,600
Басқа валюталар 9% нығаюы (2023 ж.: 17% нығаюы)	(85,356)	-
Басқа валюталар 13% әлсіреуі (2023 ж.: 27% әлсіреуі)	132,141	-

Топ валюталық тәуекелге ие және теңге бағамының құбылмалылығының теріс өзгерістеріне ұшырайды, өйткені шетел валютасындағы қаржылық міндеттемелер 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша барлық міндеттемелердің шамамен 5% - құрайды.

29 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Пайыздық тәуекел.

Топ нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің ауытқуының оның қаржылық жағдайына және ақша ағындарына әсер етуіне байланысты тәуекелді қабылдайды. Сыйақы мөлшерлемесінің өзгеру тәуекелі Азия Даму Банкінің несиелері бойынша туындайды, оның пайыздық мөлшерлемесі Қазақстан Республикасының инфляциясының нақты көрсеткіштерінің өсуіне байланысты (16-ескертпе). Топ айнымалы мөлшерлемелердегі өзгерістерді мұқият бақылайды. Топтың пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне байланысты тәуекелдерді талдау және азайту бойынша ресми келісімдері жоқ.

Егер 2024 жылғы 31 желтоқсанда пайыздық мөлшерлемелер 100 базистік тармаққа жоғары/төмен болса, барлық басқа айнымалылар тұрақты болса, міндеттемелер бойынша жоғары/төмен пайыздық шығыстар нәтижесінде жыл ішіндегі пайда 338,469 мың теңгеге төмен және 338,469 мың теңгеге жоғары болар еді. өзгермелі пайыздық мөлшерлемені (2023 жылғы 31 желтоқсанда: 154,460 мың теңгеге аз және 154,460 мың теңге артық).

Капиталды басқару

Капиталды басқарудағы топтың міндеттері - бұл топтың акционерлер үшін пайда мен басқа мүдделі тараптардың пайдасын қамтамасыз ету және капиталдың құнын төмендету үшін капиталдың оңтайлы құрылымын сақтау үшін Қызметтің үздіксіздігі принципіне сәйкес өз қызметін жалғастыру қабілетін қамтамасыз ету. Капитал құрылымын қолдау немесе түзету үшін топ акционерлерге төленетін дивидендтер сомасын реттей алады, капиталды акционерлерге қайтара алады немесе қарыз қаражатын азайту үшін активтерді сата алады. Саланың басқа компаниялары сияқты, топ меншікті және қарыз капиталының арақатынасы негізінде капиталға мониторинг жүргізеді. Бұл қатынас капиталдың жалпы сомасына бөлінген таза қарыз қаражаты ретінде анықталады. Таза қарыз қаражаты ақша қаражаты мен олардың баламалары шегеріле отырып, қарыздардың (қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген «қысқа мерзімді қарыздарды» және «ұзақ мерзімді қарыздарды» қоса алғанда) жалпы сомасы ретінде айқындалады. Капиталдың жалпы сомасы қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген «капитал жиынтығы», оған қоса таза қарыз қаражаты ретінде айқындалады. Басшылық топтың тәуекел деңгейі үшін қолайлы 30-40% тең қарыз және меншікті капиталдың арақатынасын қарайды.

Топтың капиталды сақтау бойынша төмендегідей сыртқы талаптары бар:

- Жарғылық капиталды 378,531,570 мың теңгеден төмен емес деңгейде ұстау;
- Меншікті капиталды 170,000,000 мың теңгеден кем емес деңгейде ұстау;
- Debt/Equity көрсеткішін 2.0-ден аспайтын деңгейде ұстау.

Қазақстандық мың теңгеммен	Ескер.	31 желтоқсан 2024 ж.	31 желтоқсан 2023 ж.
Барлық қарыздар	16	373,098,400	270,194,079
<i>Алып тастағанда:</i>			
Ақшалай қаражат және оның эквиваленттері	13	(94,952,295)	(43,662,456)
Таза қарыздық қаражат		278,146,105	226,531,623
Барлық меншікті капитал		772,802,580	691,916,219
Барлық капитал		1,050,948,685	918,447,842
Қарыздық және меншікті капиталдың арақатынасы		26%	25%

30 Қаржы құралдарының әділ құны

Әділ құнды бағалау

Әділ құнды айқындау кезінде пайдаланылатын деректердің дұрыстығы туралы түсінік беру үшін топ өзінің қаржы құралдарын ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес белгіленген үш деңгейде жіктейді. Әділ құнды бағалау нәтижелері әділ құнның иерархия деңгейлері бойынша былайша талданып, бөлінеді: (i) 1- деңгейге сәйкес активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтардағы нарықтық баға белгілеу бойынша бағалар (түзетілмейтін) жатады, (ii) 2-деңгейге–актив немесе міндеттемелер үшін тікелей(яғни,мысалы,баға) немесе жанама (яғни, мысалы, бағаның туындысы) бақыланатын болып табылатын барлық пайдаланылатын маңызды бастапқы деректері бар бағалау модельдерінің көмегімен алынғандар және (iii) 3-деңгейдің бағалары бақыланатын нарықтық деректерге негізделмеген (яғни, бақыланбайтын бастапқы деректерге негізделген) бағалар болып табылады. Қаржылық құралдарды әділ құн иерархиясындағы белгілі бір санатқа жатқызған кезде басшылық пайымдауды қолданады.Егер әділ құнды бағалау да айтарлықтай түзетуді талап ететін бақыланатын деректер пайдаланылса, онда ол 3-деңгейге жатады.Пайдаланылатын деректердің маңыздылығы әділ құнның барлық жиынтық бағасы үшін бағаланады. Төменде әділ баға бойынша бағаланбайтын активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік бағасы мен әділ баға иерархиясы деңгейлері бойынша әділ бағаның талдауы келтіріледі:

Қазақстандық мың теңгемен	31 желтоқсан 2024 ж.				31 желтоқсан 2023 ж.			
	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Теңгерімдік құны	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Теңгерімдік құны
АКТИВТЕР								
Ақшалай қаражат және оның эквиваленттері	-	94,952,295	-	94,952,295	-	43,662,456	-	43,662,456
Пайдаланылуы, шектелген ақшалай қаражат	-	270,995	-	270,995	-	241,806	-	241,806
Тіркелген мерзімі бар депозиттер	-	3,270	-	3,270	-	1,673	-	1,673
Қаржылық дебиторлық берешек	-	74,660,441	-	74,660,441	-	66,341,581	-	66,341,581
Өзге де қаржылық дебиторлық берешек	-	382,070	-	382,070	-	667,132	-	667,132
Алынатын дивидендтер	-	-	550	550	-	-	481	481
Облигациялар	-	18,569,185	-	18,569,185	-	4,535,569	-	4,535,569
БАРЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР	-	188,838,256	550	188,838,806	-	115,450,217	481	115,450,698
МІНДЕТТЕМЕЛЕР								
Қарыздар	-	355,707,072	-	373,098,400	-	246,621,133	-	270,194,079
Қаржылық кредиторлық берешек	-	120,979,968	-	120,979,968	-	57,535,592	-	57,535,592
Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек	-	2,344,844	-	2,344,844	-	-	45,010	45,010
БАРЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР	-	479,031,884	-	496,423,212	-	304,156,725	45,010	327,774,681

Амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін қаржылық активтер

Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы құралдардың әділ құны олардың баланстық құнына тең. Пайыздық мөлшерлемесі тіркелген құралдардың бағаланатын әділ құны осы секілді кредиттік тәуекел мен осы секілді өтеу мерзімін болжайтын жаңа құралдарға арналған қолданыстағы пайыздық мөлшерлемені қолдану арқылы күтілетін болашақ ақша ағындарының сомаларын дисконттау моделіне негізделеді. Қолданылатын дисконттау мөлшерлемелері контрагент тарапынан болатын кредиттік тәуекелге байланысты.

Амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін қаржылық міндеттемелер

Облигациялардың әділ құны нарықтық баға белгілеулерге негізделеді. Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы несиелердің әділ құны шамамен баланстық құнға тең. Пайыздық мөлшерлемесі тіркелген және өтеу мерзімі белгіленген құралдардың есептік әділ құны осы сияқты кредиттік тәуекел мен осы секілді өтеу мерзімімен жаңа құралдарға арналған күтілетін дисконтталған ақша ағынына негізделеді.

31 Есептік кезеңнен кейінгі оқиғалар

2025 жылғы 6 қаңтарда Топ Самұрық-Қазынаға борыштың негізгі сомасы есебіне 1,736,828 мың теңге және облигациялар бойынша 1,324,331 мың теңге сыйақы төледі.

2025 жылғы 13 қаңтарда Топ «Богатырь-Көмір» ЖШС-на алынған қарыздар бойынша борыштың негізгі сомасы есебіне 1,500,000 мың теңге және қарыздар бойынша 533,035 мың теңге сыйақы төледі.

2025 жылғы 21 ақпанда «БГЭС» АҚ мен «Қазмырыш» ЖШС арасында стратегиялық объектіге үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салуға рұқсат көздейтін ҚР Үкіметінің шешімін алуды қоса алғанда, бірқатар кейінге қалдыру шарттары орындалған жағдайда күшіне енетін Бұқтырма СЭС мүліктік кешенін жалға алудың жаңа шартына қол қойылды. Жалдау мерзімі: 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап 2028 жылғы 31 желтоқсанға дейін жыл. 26-ескертпеде болашақ жалдау төлемдеріне осы шарт бойынша қаржы ағындары кіреді.

2025 жылдың қаңтар және ақпан айларында АлЭС қолданыстағы кредиттік желі шеңберінде «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-мен жылдық 17,25% мөлшерлеме бойынша 4,932,813 мың теңге сомасына айналым қаражатын толықтыруға қарыз алды.

2025 жылдың қаңтар және ақпан айларында АЖК «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-мен қолданыстағы кредиттік желі шеңберінде жылдық 17.75% (базалық ҚРҰБ +2,5%) мөлшерлемесі бойынша 3,900,000 мың теңге сомасына қарыз алды.

32 Акцияға тиесілі пайда және бір акцияның теңгерімдік құны

Жалғасатын қызметтен бір акцияға шаққандағы пайда:

Қазақстандық мың теңгемен	2024 ж.	2023 ж.
Жыл ішінде топ иелеріне тиесілі пайда (қазақстандық мың теңгемен)	112,507,839	56,734,968
Айналымдағы жай акциялардың орташа шамадағы саны	6,736,618	5,849,608
Топ иелеріне тиесілі бір акцияға шаққандағы пайда (теңгеге дейін дөңгелектегенде), негізгі және таратылған.	16,701	9,699

Бір акцияның теңгерімдік құны

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, осы қаржылық есептілік негізінде Компания басшылығы есептеген бұл көрсеткіш 110,361 теңгені (2023 жылғы 31 желтоқсан: 109,006 теңгені) құрады. Төменде бір акцияның баланстық құнын есептеу кестесі берілді:

Қазақстандық мың теңгемен	2024 ж.	2023 ж.
Барлық активтер	1,414,286,399	1,147,518,441
Алып тастағанда: материалдық емес активтер	(5,545,328)	(3,873,844)
Алып тастағанда: барлық міндеттемелер	(641,483,819)	(455,602,222)
Жай акцияларға арналған таза активтер	767,257,252	688,042,375
31 желтоқсандағы жағдай бойынша жай акциялар саны (14-Ескертпе)	6,952,267	6,311,967
Бір акцияның теңгерімдік құны, теңге	110,361	109,006